

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 640 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 28 желтоқсанда № 14624 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 261 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 28.05.2025 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрық 01.07.2017 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 118, 120-1, 120-2 және 120-3-баптарына сәйкес және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.05.2023 № 543 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынына жіберілуін;

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 23.12.2024 № 862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы бұйрық 2017 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің төрағасы

Н.Айдапкелов

2016 жылғы 28 қараша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2016 жылғы 6 желтоқсан
№ 640 бұйрығына

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидалары

Ескерту. Қағидалардың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.01.2022 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 15.06.2018 № 601 (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау тәртібін анықтайды.

2. Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті

органдар осы Қағидаларда белгіленген көлемде және нысандар бойынша жартыжылдық, жылдық есептілікті жасайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің және аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілік – бұл Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 120-3-бабына сәйкес бірыңғай ұйымның қаржылық есептілігі ретінде ұсынылған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігі;

2) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган – жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, бюджетті атқару, жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын атқарушы орган (бұдан әрі – бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган);

3) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган – бюджетті атқару, бухгалтерлік есепті, бюджеттік есепті және республикалық бюджеттің атқарылуы бойынша бюджеттік есептілікті жүргізу саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орган;

4) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігі – бұл бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің бірыңғай ұйымның қаржылық есептілігі ретінде ұсынған қаржылық есептілігі;

5) ведомство – бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның республикалық бюджетті атқару және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсету саласындағы функцияларды жүзеге асыратын ведомствосы;

6) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне инвестициялар – бұл мемлекеттік кәсіпорындарға, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге, акционерлік қоғамдарға, оның ішінде құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық компанияларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғаларға салынатын бюджет қаражатының салымдары;

7) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілік – бұл Бюджет кодексінің 120-2-бабына сәйкес бірыңғай ұйымның қаржылық есептілігі ретінде ұсынылған облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың

, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілік;

8) республикалық бюджетті атқару жөніндегі шоғырландырылған қаржылық есептілік – бұл Бюджет кодексінің 120-1 бабына сәйкес бірыңғай ұйымның қаржылық есептілігі ретінде ұсынылған ведомствоның және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржылық есептілігі;

9) элиминирлеу – бюджеттік бағдарламалар әкімшісі және оның ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелері арасындағы немесе бір бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер арасындағы, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасындағы бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мен бюджет кірістерінің есебін жүргізетін уәкілетті орган арасында, өзара операциялар бойынша тең соманы, сондай-ақ жоғары тұрған және төмен тұрған бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті органдар арасындағы операцияларды алып тастау.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау мақсаты мүдделі адамдарды қаржылық қызметтің нәтижелері мен республикалық және жергілікті бюджеттердің қаржылық жағдайының өзгерістері, қаржылық жағдайы туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.05.2023 № 543 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 30.11.2023 № 1237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2024 № 862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді және осы Қағидаларды басшылыққа алу қажет.

5. Квazимемлекеттік сектор субъектілеріне инвестициялар шоғырландырылған қаржылық есептілікте бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қаржылық есептілігінде ұсынылған құн бойынша беріледі.

6. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2021 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаған кезде қолданылатын қаржылық есептілік бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және олардың ведомстволық

бағынысты мемлекеттік мекемелерінің қаржылық есептілігі бір есепті күндегі жағдай бойынша дайындалады.

8. Осыған ұқсас мәмілелер мен басқа да оқиғалар үшін шоғырландырылған қаржылық есептілік бірыңғай есептік саясат негізінде жасалады. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен мемлекеттік мекемелер бірыңғай есепке алу қағидаттарын қолданады.

9. Шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандары онда көзделген көрсеткіштермен толық сәйкестікте толтырылады. Бекітілген қаржылық есептілік нысандарында көрсеткіштерді және олардың кодтарын өзгертуге немесе оларға қосымша көрсеткіштер енгізуге жол берілмейді.

Ағымдағы есепті кезеңге де, алдыңғы кезеңге де жатқызылатын шоғырландырылған қаржылық есептіліктің деректерін (олар бекітілгеннен кейін) өзгерту бұрмалаушылықтар анықталған кезеңде жасалған шоғырландырылған қаржылық есептілікте жүргізіледі.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға шоғырландырылған қаржылық есептілікті тапсырғаннан кейін оған бюджеттік бағдарламалар әкімшісі өзгерістерді осы Қағидаларға өзгерістер енгізу жөніндегі қағидалар мен талаптарды және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 15594 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Қаржылық есептілікті жасау және ұсыну ережесін міндетті түрде сақтай отырып, олардың есепті қарау нәтижелері бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның жазбаша хабарламасының негізінде ғана енгізіледі.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке өзгеріс енгізілген кезде есептіліктің Қазақстан Республикасы Жоғарғы аудиторлық палатасына (келесі – Жоғарғы аудиторлық палата) бұдан бұрын жіберілген данасына тиісті өзгерістерді енгізу қажет.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 16.01.2023 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Қаржылық есептілік нысандарының мекенжайлық бөлігі мынадай тәртіппен толтырылады:

"Мерзімділік" деректемесі – қаржылық есептілік кезеңі көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі" деректемесі – "Қазақстан Республикасы Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасынан" бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы мен коды;

"Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган" деректемесі – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының атауы;

"Бюджеттің түрі" деректемесі – бюджет түрі көрсетіледі;

"Өлшем бірлігі" деректемесі – мың теңге.

11. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерін, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетін, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар нысандардың толық көлемінде электрондық түрде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – АЖ) арқылы ұсынады. Есепті беру күні оны АЖ арқылы беру күні болып есептеледі.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен жергілікті уәкілетті органдар ведомствода белгіленген мерзімде ведомствоға жартыжылдық және жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынады. Республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінің мерзімі есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 8 ақпанынан кешіктірілмей, ал жергілікті уәкілетті органдары үшін есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 13 наурыздан кешіктірілмей белгіленеді.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шоғырландырылған қаржылық есептілікті нысандардың толық көлемінде электрондық түрде АЖ арқылы ұсынады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.05.2023 № 543 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 30.11.2023 № 1237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

12. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жартыжылдық және жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті бюджетті атқару жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органға және жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне ұсынады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жартыжылдық және жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті ведомствоға ұсынады.

Бюджет Кодексінің 83-бабына сәйкес қаржыландырудың ерекше тәртібі айқындалған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің Мемлекеттік құпиялар мәселелерін реттейтін актілерінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган келіскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Жоғарғы аудиторлық палатасына ұсынады.

Есептілікті ұсыну үшін белгіленген мерзім демалыс (жұмыс істемейтін) күнмен сәйкес келген жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептілік одан кейінгі бірінші жұмыс күні ұсынылады.

Ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептілік белгіленген нысандарға сәйкес келмеген кезде ведомство пысықтауға қайтарады.

Ведомство республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде республикалық бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарының шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде – жергілікті бюджеттер бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды.

Жергілікті бюджеттер бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілік талдамалық мақсаттарда және мемлекеттік бюджет бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру мақсатында қалыптастырылады.

Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 83-бабына сәйкес қаржыландырудың ерекше тәртібі айқындалған мемлекеттік органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің активтері мен міндеттемелері бойынша деректер ескерілмей жасалады.

Ведомство және жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган талдамалық мақсаттарда осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмей нысандар бойынша ағымдағы қаржы жылының 30 маусымдағы жағдай бойынша жартыжылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 26.02.2021 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 16.01.2023 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.05.2023 № 543 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.11.2023 № 1237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

13. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне бірінші қол қою құқығына осы органның басшысы не оны алмастыратын тұлға, немесе мемлекеттік орган аппаратының басшысы, екінші қол қою құқығына – бас бухгалтер немесе қаржылық есептілікті шоғырландыруды қамтамасыз ететін бөлімшені басқаратын тұлға ие.

Республикалық бюджетті атқару туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікке бірінші қол қою құқығына ведомство басшысы, немесе оны алмастыратын тұлға, екінші қол қою құқығына – ведомствоның қаржылық есептілікті шоғырландыруды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшенің басшысы немесе оны алмастыратын тұлға ие.

Жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікке бірінші қол қою құқығына жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы, немесе оны алмастыратын тұлға, екінші қол қою құқығына – қаржылық есептілікті шоғырландыруды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшенің басшысы немесе оны алмастыратын тұлға ие.

Ақпараттық жүйе арқылы есептілікті ұсынатын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қоспағанда, қаржылық есептілікке есептілікте бірінші және екінші қол қою құқығы туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі.

Ұсынылатын шоғырландырылған қаржылық есептіліктің барлық нысандарында мемлекеттік органның басшысы мен бас бухгалтерінің не қаржылық есептілікті шоғырландыруды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшені басқаратын тұлғаның қолының қасында қолдың толық жазылуы (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.05.2023 № 543 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 30.11.2023 № 1237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2024 № 862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Қаржылық есептілікті шоғырландыру кезеңдері

14. Қаржылық есептіліктің салыстыру қағидатын сақтау мақсатында ағымдағы кезеңнің шоғырландырылған қаржылық есептілігі осыған ұқсас өткен есепті кезеңнің деректерін салыстыру арқылы ұсынылады.

15. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) активтердің, міндеттемелердің, таза активтердің/капиталдың, кірістер мен шығыстардың, ақшаның түсімі мен шығып қалуының, таза активтердегі/капиталдағы өзгерістердің ұқсас баптарын жолма-жол қосу;

2) бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мен оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер арасындағы, сондай-ақ бір жүйе ішіндегі мемлекеттік мекемелер арасындағы операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың элиминирленуі;

3) республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мен бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган (ведомство) арасындағы операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың элиминирленуі;

4) жоғары тұрған және төмен тұрған бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті органдар арасындағы, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің арасындағы операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың элиминирленуі;

5) бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мен оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер арасындағы, сондай-ақ бір жүйе ішіндегі мемлекеттік мекемелер арасындағы өзара есеп айырысулар мен операциялар бойынша сальдо толықтай алып тасталады;

бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мен бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган (ведомство) арасындағы өзара есеп айырысулар мен операциялар бойынша сальдо толығымен алып тасталады;

6) қаржылық есептілікті шоғырландыру кезінде жоғары тұрған және төмен тұрған бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті органдар арасындағы өзара есеп айырысулар бойынша сальдо толықтай алып тасталады;

7) осының алдындағы есепті кезеңнің шоғырландырылған деректерін көшіру.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 26.02.2021 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. ШҚЕ-5 "Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының кестелері (1-21) бойынша көрсеткіштерді шоғырландыру ұқсас баптарды қосу жолымен жүзеге асырылады. 14, 16 және 20-кестелер бойынша көрсеткіштерді шоғырландыру элиминерленген соманы қоспағанда жүзеге асырылады.

3-тарау. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасауы

1-параграф. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау тәртібі

17. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жартыжылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті ағымдағы қаржы жылының 30 маусымдағы жағдай

бойынша, жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жасайды. Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік кезең үшін жасалады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде мынадай талаптар сақталады:

- барлық операциялардың есепті кезеңде толық мен дұрыс көрсетілуі;
- кірістер мен шығыстарды есепті кезеңдерге жатқызудың дұрыстығы;
- есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі синтетикалық есепке алу шоттары бойынша айналымдар мен қалдықтарға талдамалық есепке алу деректерінің ұқсастығы;
- көрсеткіштерді толтырудың дәлдігі және тазартулар мен түзетулерге жол бермеу. Қателер түзетілген жағдайда қаржылық есептілікке қол қойған тұлғалар растаған, түзету күні көрсетіле отырып, тиісті жазбалар жасалады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 26.02.2021 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Жартыжылдық, жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік көлемі мыналарды қамтиды:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шоғырландырылған бухгалтерлік баланс;
- 2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржылық қызметтің нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп;
- 3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақшаның қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс);
- 4) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша таза активтердің/ капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп;
- 5) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба.

19. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер болған және өзгерістер енгізу қажет болған кезде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган АЖ-да қабылдамау себептерін көрсете отырып, тиісті өзгерістер енгізу үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті қабылдамай қайтарады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі АЖ арқылы жіберілген ескертулерге сәйкес немесе жазбаша хабарлама негізінде жазбаша хабарламаны алған сәттен немесе АЖ-да қайтарылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне өзгерістер енгізеді. Ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілігі өзгерген кезде

бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі тиісті ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемені жазбаша хабардар етеді және өзгерістер мен толықтырулар бойынша ұсыныстарды оның жеке қаржылық есептілігіне 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізу үшін қайта жібереді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.05.2023 № 543 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Орталық және өзге де атқарушы органды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліну, қайта құру) кезінде мүлктік құқықтар мен міндеттемелер біріктіру және қосу кезінде – тапсырып беру актісіне сәйкес, ал бөлген және бөлінген кезде – бөлу балансына сәйкес құқықтық мирасқорға беріледі.

Бөлу балансы әр бөлінетін мемлекеттік мекеме үшін бір данадан жасалады.

Тарату кезінде кредиторлардың наразылық талаптарын қоюына арналған мерзім біткеннен кейін тарату комиссиясы аралық тарату балансын жасайды, онда таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамы, кредиторлар мәлімдеген наразылық талаптарының тізбесі, сондай-ақ оларды қарау нәтижелері туралы мәліметтер қамтылады.

Аралық тарату балансын заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган бекітеді.

Кредиторлармен есеп айырысу аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы тарату балансын жасайды, оны заңды тұлғаның мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган бекітеді.

Тарату кезінде "Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" нысаны бойынша тарату балансы жасалады. Қаржылық есептілік тарату рәсімдері толық аяқталғанға дейін ұсынылады.

Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру (ажырату, бөлу, қосу мен біріктіру, қайта құру) кезінде бұрынғы/жаңа бағыныстағы бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жыл басындағы қайта есептелген сальдоны есепке ала отырып, жыл басынан бастап қайта ұйымдастырылған күннен кейінгі есепті күнге дейінгі кезең үшін жылдық есептілік нысандарының толық көлемінде шоғырландырылған қаржылық есептілік жасайды.

Бұрынғы/жаңа бағыныстағы бюджеттік бағдарламалар әкімшісі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес жыл басындағы "Шоғырландырылған бөлу бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-6 нысаны бойынша таратып жазуды ұсынады, ол мыналарды қамтиды:

жыл басындағы сальдо;

бастапқы сальдо қосу/алу (қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік мекеме);

жыл басында қайта есептелген сальдо;

қайта ұйымдастырылу күніне берілгені.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бухгалтерлік балансында жыл басында қайта есептелген сальдо қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік балансының жыл басындағы сальдосы есепке алына отырып, айқындалады.

Мемлекеттік мекемелердің қосылуы, бірігуі және жеке функциялар мен өкілеттіктерінің берілуі кезінде бұрынғы және жаңа бағыныстағы бюджеттік бағдарламалар әкімшілері беру күніне активтер бойынша, дебиторлық және кредиторлық берешек бойынша таратып жазуды қоса алғанда, тапсыру актісін жасайды.

Есепті кезең нысандарының көлеміне беру күніне бөлу немесе тарату балансы енгізіледі және бюджетті атқару жөніндегі тиісті атқарушы органға әрбір министрлік немесе өзге де атқарушы орган бойынша жеке есептермен бірге беріледі.

Бөлу балансы қабылдаушы және тапсырушы тарап басшысының және бас бухгалтерінің қолымен, қолды таратып (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) жаза отырып және әр тараптың мөрімен расталады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 23.12.2024 № 862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі "Ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын (бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидаларын бекіту туралы" Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 149 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22682 болып тіркелген).

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.05.2023 № 543 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржылық есептілікті шоғырландыру рәсімдері

22. "Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1 нысанының баптарын шоғырландыру ұқсас баптарды жолма-жол қосу арқылы жүзеге асырылады:

"Ақшалай қаражат және олардың баламалары" баптары (жол коды 010);

"Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары" баптары (жол коды 011);

"Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" баптары (жол коды 012);

"Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" баптары (жол коды 013);

"Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" баптары (жол коды 014);

"Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" баптары (жол коды 015).

Бір жүйенің мемлекеттік мекемелері арасындағы өзара есеп айырысулар бойынша сальдо болған жағдайда, шоғырландыру кезінде өзара есеп айырысулар бойынша сальдо 015 пен 216-жолдар бойынша элиминирленеді, яғни өзара бірлесіп алынып тасталады (жол коды 015);

"Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" баптары (жол коды 016);

"Қызметкерлердің және өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" баптары (жол коды 017);

"Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" баптары (жол коды 018);

"Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек" баптары (жол коды 019);

"Қорлар" баптары (жол коды 020);

"Берілген қысқа мерзімді аванстар" баптары (жол коды 021);

"Өзге қысқа мерзімді активтер" баптары (жол коды 022);

"Салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек баптары (жол коды 023);

"Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары" баптары (жол коды 110);

"Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі" баптары (жол коды 111);

"Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" баптары (жол коды 112);

"Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" баптары (жол коды 113);

"Негізгі құралдар" баптары (жол коды 114);

"Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар" баптары (жол коды 115);

"Инвестициялық жылжымайтын мүлік" баптары (жол коды 116);

"Биологиялық активтер" баптары (жол коды 117);

"Материалдық емес активтер" баптары (жол коды 118);

"Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары" баптары (жол коды 119);

"Өзге ұзақ мерзімді активтер" баптары (жол коды 120);

"Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер" баптары (жол коды 210);

"Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 211);

"Бюджетке төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 212);

"Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 213);

"Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 214);

"Өнім берушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 215);

"Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 216).

Бір жүйенің мемлекеттік мекемелері арасындағы өзара есеп айырысулар бойынша сальдо болған жағдайда, шоғырландыру кезінде 015 пен 216-жолдар бойынша өзара есеп айырысу бойынша сальдо элиминирленеді, яғни өзара алынып тасталады (жол коды 216);

"Стипендиаттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 217);

Қызметкерлер мен басқа да есеп беретін тұлғалар алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 218);

"Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" баптары (жол коды 219);

"Жалдау бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 220);

"Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 221);

"Қысқа мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері" баптары (жол коды 222);

"Өзге қысқа мерзімді міндеттемелері" баптары (жол коды 223);

"Бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 224);

"Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер" баптары (жол коды 310);

"Өнім берушілерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 311);

"Жалдау бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 312);

"Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 313);

"Ұзақ мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері" баптары (жол коды 314);

"Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер" баптары (жол коды 315);

"Күрделі салымдарды сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен қаржыландыру" баптары (жол коды 410);

"Резервтер" баптары (жол коды 411);

"Жинақталған қаржылық нәтиже" баптары (жол коды 412).

Ескерту. 22-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 06.03.2019 № 186; 26.05.2023 № 543 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

23. Мазмұны жағынан ұқсас баланстан тыс шоттар да осылай жинақталады:

"Жалға алынған активтер" баптары (жол коды 610);

"Жауаптылықпен сақтауға қабылданған немесе орталықтандырылған жабдықтау бойынша төленген қорлар" баптары (жол коды 620);

"Қатаң есептілік бланктері" баптары (жол коды 630);

"Төлемге қабілетсіз дебиторлардың есептен шығарылған берешегі" баптары (жол коды 640);

"Қайтарылмаған материалдық құндылықтар үшін оқушылар мен студенттердің берешегі" баптары (жол коды 650);

"Ауыспалы спорттық жүлделер мен кубоктар" баптары (жол коды 660);

"Жолдамалар" баптары (жол коды 670);

"Әскери техниканың оқу құралдары" баптары (жол коды 680);

"Мәдени мұра активтері" баптары (жол коды 690);

"Жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мүлік меншігіне айналдырылған (түскен) бағаланған баптары (жол коды 700).

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 16.07.2020 № 677 (01.07.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. ШҚЕ-2 "Қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп" нысанының баптарын шоғырландыру кірістер мен шығыстардың ұқсас баптарын жолма-жол қосу арқылы жүзеге асырылады:

"Айырбас емес операциялардан алынатын кірістер" баптары (жол коды 010);

"Ағымдағы қызметті қаржыландыру" баптары (жол коды 011) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ағымдағы қызметті қаржыландыруға бюджеттік бағдарламалар әкімшісінен алынған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің кіріс сомасы алынып тастауға жатады;

"Күрделі салымдарды қаржыландыру" баптары (жол коды 012) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде күрделі салымдарды қаржыландыруға бюджеттік бағдарламалар әкімшісінен алынған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің кіріс сомасы алынып тастауға жатады;

"Қарыздар түсімдерінен түсетін кірістер" баптары (013-жол коды) шоғырландырылған қаржылық есептілікте бюджеттік орындау жөніндегі

уәкілетті орган сыртқы қарыздарды алудан түскен табыс сомасын алынып тастауға жатады;

"Трансферттер бойынша кірістер" баптары (жол коды 014);

"Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер" баптары (жол коды 015);

"Субсидиялар" баптары (жол коды 016);

"Қайырымдылық көмектен алынатын кірістер" баптары (жол коды 017);

"Гранттар" баптары (жол коды 018);

"Өзгелер" баптары (жол коды 019);

"Бюджетке салық түсімдерінен түсетін кірістер" баптары (жол коды 020);

"Айыппұлдардан, өсімпұлдардан және санкциялардан түскен кірістер" баптары (020-1 жол коды);

"Басқа да салықтық емес түсімдер" баптары (020-2 жол коды);

"Бюджетке трансферттердің түсуі" баптары (020-3 жол коды);

"Айырбас операциялардан алынатын кірістер" баптары (жол коды 021);

"Активтерді басқарудан алынатын кірістер" баптары (жол коды 030);

"Сыйақылар" баптарында (жол коды 031) төмен тұрған бюджеттерге берілген сыйақы сомасы көрсетіледі;

"Активтерді басқарудан алынатын өзге де кірістер" баптары (жол коды 032);

"Өзге кірістер" баптары (жол коды 040) шоғырландырылған қаржылық есептілікте бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері арасындағы, бір бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер арасындағы ұзақ мерзімді активтер мен қорларды өтеусіз алу бойынша кірістер сомасы алынып тастауға жатады.

Бұдан басқа, бір бюджеттік бағдарлама әкімшісіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер арасындағы мемлекеттік мекемелердің ұзақ мерзімді активтері мен қорларын орталықтандырылған жабдықтаудан түсетін кірістер сомасы, кредиторлық және дебиторлық берешек өтеусіз қабылдап алу-беру жөніндегі кірістер сомасы алынып тастауға жатады;

"Мемлекеттік мекеменің шығыстары" баптары (жол коды 110);

"Еңбекақы төлеу" баптары (жол коды 111);

"Стипендиялар" баптары (жол коды 112);

"Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер" баптары (жол коды 113);

"Қорлар бойынша шығыстар" баптары (жол коды 114);

"Іссапар шығыстары" баптары (жол коды 115);

"Коммуналдық шығыстар" баптары (жол коды 116);

"Жалдау төлемдері" баптары (жол коды 117);

"Ұзақ мерзімді активтерді ұстау" баптары (жол коды 118);

"Байланыс қызметтері" баптары (жол коды 119);

"Активтер амортизациясы" баптары (жол коды 120);

"Активтердің құнсыздануы" баптары (жол коды 121);

"Өзге операциялық шығыстар" баптары (жол коды 122) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде бюджеттік бағдарлама әкімшісінің ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерге ағымдағы қызметті қаржыландыру мен күрделі салымдарға қаражат беру кезінде есептелген шығыстар сомасы алып тастауға жатады;

"Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған шығыстар" баптары (жол коды 123);

"Бюджеттік төлемдер бойынша шығыстар" баптары (жол коды 130);

"Зейнетақылар мен жәрдемақылар" баптары (жол коды 131);

"Субсидиялар" баптары (жол коды 132);

"Нысаналы трансферттер" баптары (жол коды 133);

"Жалпы сипаттағы трансферттер" баптары (жол коды 134);

"Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер" баптары (жол коды 135);

"Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер" баптары (жол коды 136);

"Өзге де трансферттер" баптары (жол коды 136-1);

"Бюджетке түсетін түсімдерді азайту жөніндегі шығыстар" баптары (жол коды 137);

"Активтерді басқару бойынша шығыстар" баптары (жол коды 140);

"Сыйақылар" баптары (жол коды 141);

"Активтерді басқару бойынша өзге шығыстар" баптары (жол коды 142);

"Өзге шығыстар" баптары (жол коды 150) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасындағы шоғырландырылған қаржылық есептілікте бір бюджеттік бағдарлама әкімшісіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер арасындағы қорларды өтеусіз беру бойынша шығыстар сомасы алып тастауға жатады; мемлекеттік мекемелердің ұзақ мерзімді активтері мен қорларын орталықтандырылған жабдықтау бойынша шығыстар сомасы, кредиторлық және дебиторлық берешекті өтеусіз қабылдап алу – беру бойынша шығыстар сомасы; бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілігі оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің сыртқы қарыздары түсімдерінен алынған табыс сомасының сыртқы қарыздары бойынша қабылданған міндеттемелерден шығыстар сомасын алып тастауға жатады;

"Республикалық және жергілікті бюджеттердің қолма – қол бақылау шоттары (бұдан әрі – ҚБШ) бойынша шығыстар" баптары (жол коды 151);

"Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін инвестициялар бойынша таза пайда немесе залалдар үлесі" баптары (жол коды 210);

"Ұзақ мерзімді активтердің істен шығуы" баптары (жол коды 220) шоғырландырылған қаржылық есептілікте бір бюджеттік бағдарлама әкімшісіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер арасындағы ұзақ мерзімді активтерді өтеусіз беру бойынша шығыстар сомасы алып тастауға жатады;

"Бағамдық айырма" баптары (жол коды 230);

"Өзгелер" баптары (жол коды 240).

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 06.03.2019 № 186 бұйрығымен.

25. ШҚЕ-3 "Ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)" нысанының баптарын шоғырландыру ұқсас баптарды жолма-жол қосу арқылы жүзеге асырылады:

"Бюджеттен қаржыландыру" баптары (жол коды 010);

бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде "Ағымдағы қызметті қаржыландыру" баптары (жол коды 011) ағымдағы қызметті қаржыландыруға бюджеттік бағдарламалар әкімшісінен алынған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер түсімдерінің сомасы алып тастауға жатады;

бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде "Күрделі салымдарды қаржыландыру" баптары (жол коды 012) күрделі салымдарды қаржыландыруға бюджеттік бағдарламалар әкімшісінен алынған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер түсімдерінің сомасын алып тастауға жатады;

"Сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен" баптары (жол коды 013);

"Трансферттер" баптары (жол коды 014);

"Субсидиялар" баптары (жол коды 015);

"Өзгелер" баптары (жол коды 016);

"Сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар" баптары (жол коды 017);

"Қайырымдылық көмектен алынатын ақша бойынша" баптары (жол коды 020);

"Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізуден" баптары (жол коды 030);

"Алынған сыйақылар" баптары (жол коды 040);

"Уақытша орналастыру ақшасы бойынша" баптары (жол коды 050);

бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде "Өзге түсімдер" баптары (жол коды 060) бюджеттік бағдарламалардың бір әкімшісіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер арасындағы ақша қаражаты түсімдерінің сомасы алып тастауға жатады;

"Жергілікті өзін-өзі басқару ақшасы" баптары (жол коды 070);

"Бюджетке түсетін түсімдер" баптары (жол коды 071);

"Салық түріндегі ақша қаражатының түсімдері" баптары (071-1 жол коды);

"Айыппұлдар, өсімпұлдар және санкциялар түріндегі ақша қаражатының түсімі" баптары (071-2 жол коды);

"Трансферттердің түсімдері" баптары (071-3 жол коды);

"Еңбекақы төлеу" баптары (жол коды 110);

"Зейнетақылар мен жәрдемақылар" баптары (жол коды 120);

"Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер" баптары (жол коды 130);

"Өнім берушілерге және мердігерлерге тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін" баптары (жол коды 140);

"Тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін берілген аванстар" баптары (жол коды 150);

"Трансферттер, субсидиялар" баптары (жол коды 160);

"Сыйақылар" баптары (жол коды 170);

"Жылдың аяғында міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындауларды жабу" баптары (жол коды 180);

бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде "Өзге төлемдер" баптары (жол коды 190) бюджеттік бағдарламалардың бір әкімшісіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер арасындағы ақша қаражатының шығып қалу сомасы алып тастауға жатады;

"Республикалық және жергілікті бюджетердің ҚБШ бойынша шығыстары" баптары (жол коды 191);

"Қайтарылған бюджет түсімдер" баптары (жол коды 192);

"Ұзақ мерзімді активтерді өткізу" баптары (жол коды 310);

"Бақыланатын және басқа субъектілердің үлестерін өткізу" баптары (жол коды 320);

"Бағалы қағаздарды сату" баптары (жол коды 330);

"Қарыздарды өтеу" баптары (жол коды 340);

"Өзгелер" баптары (жол коды 350);

"Ұзақ мерзімді активтерді сатып алу" баптары (жол коды 410);

"Бақыланатын және басқа субъектілердің үлестерін сатып алу" баптары (жол коды 420);

"Бағалы қағаздарды сатып алу" баптары (жол коды 430);

"Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын қалыптастыру және толтыру" баптары (жол коды 440);

"Берілген қарыздар" баптары (жол коды 450);

"Өзгелер" баптары (жол коды 460).

Қаржылық қызметтен ақшалай қаражаттың түсуіне және шығуына жататын баптарды жинақтау да осыған ұқсас:

"Қарыздарды алу" баптары (жол коды 610);

"Өзгелер" баптары (жол коды 620);

"Қарыздарды өтеу" баптары (жол коды 710);

"Өзгелер" баптары (жол коды 720).

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 06.03.2019 № 186; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2021 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

26. "Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп" ШҚЕ-4 нысанының баптарын шоғырландыру ұқсас баптарды жолма-жол қосу жолымен жүзеге асырылады:

"Есеп саясатындағы өзгерістер және қателерді түзету" баптары (жол коды 020);

"Ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалауға резервтердің ұлғаюы" баптары (жол коды 041);

"Ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалауға резервтердің азаюы" баптары (жол коды 042);

"Қолданыстағы сатуға арналған қаржылық инвестицияларды қайта бағалауға резервтердің ұлғаюы" баптары (жол коды 043);

"Қолданыстағы сатуға арналған қаржылық инвестицияларды қайта бағалауға резервтердің азаюы" баптары (жол коды 044);

"Өзге резервтер" баптары (жол коды 045);

"Шетелдік қызметті қайта есептеу бойынша айырбас бағамдардың айырмалары" баптары (жол коды 046);

"Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есепте тікелей танылған қаржыландырудың ұлғаюы" баптары (жол коды 047);

"Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есепте тікелей танылған қаржыландырудың азаюы" баптары (жол коды 048);

"Есеп саясатындағы өзгерістер мен қателерді түзету" баптары (жол коды 080) ;

"Ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалауға резервтердің ұлғаюы" баптары (жол коды 101);

"Ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалауға резервтердің азаюы" баптары (жол коды 102);

"Қолданыстағы сатуға арналған қаржылық инвестицияларды қайта бағалауға резервтердің ұлғаюы" баптары (жол коды 103);

"Қолданыстағы сатуға арналған қаржылық инвестицияларды қайта бағалауға резервтердің азаюы" баптары (жол коды 104);

"Өзге резервтер" баптары (жол коды 105);

"Шетелдік қызметті қайта есептеу бойынша айырбас бағамдардың айырмалары" баптары (жол коды 106);

"Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есепте тікелей танылған қаржыландырудың ұлғаюы" баптары (жол коды 107);

"Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есепте тікелей танылған қаржыландырудың азаюы" баптары (жол коды 108).

27. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің нысандары мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілігін жасаған кезде қолданылатын нысандарға толығымен сәйкес келеді.

28. Түсіндірме жазбада көрсетілетін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ақпараттың құрылымына және оны ашуға қойылатын талаптар мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігі үшін ақпаратты ашуға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді.

29. "Қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп" ШҚЕ-2, "Ақшаның қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)" ШҚЕ-3 нысандарында 4 "Өткен кезең" деген баған өткен жылдың осыған ұқсас кезеңі үшін толтырылады.

"Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп" ШҚЕ-4 нысанының 070, 080, 090, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 110, 111, 112 және 120-жолдары өткен жылдың осыған ұқсас кезеңі үшін толтырылады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 06.03.2019 № 186 бұйрығымен.

30. Түсіндірме жазбада көрсетілетін шоғырландырылған қаржылық есептілікке ақпараттың құрылымына және оны салыстырмалы талдау бабы нысаны бойынша ашуға қойылатын талаптардан тұрады.

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысан шоғырландырылған қаржылық есептілікке жалпы мәліметтер мен ашылымдардан тұрады.

Жалпы мәліметтерде есеп беріп отырған бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы және өткен кезеңмен салыстырғанда осы ақпараттағы кез келген өзгерістер:

бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер туралы ақпарат;

қызметтің негізгі бағыттары туралы мәліметтер, салықтық, салықтық емес түсімдер бойынша берешектер туралы және қызмет туралы өзге де ақпарат;

мемлекеттік мекеменің есепті кезеңде қайта ұйымдастырылуы (біріктірген, қосқан, бөлген, бөлінген және қайта құрылған кезде) туралы ақпарат;

есеп саясаты қабылдаған активтерді және міндеттемелерді есепке алу қағидалары туралы ақпарат көрсетіледі.

31. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ашылымдарда мынадай ақпарат ұсынылады.

"Ақшалай қаражат және олардың баламалары" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 010-жолы):

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 1-кестесіне сәйкес есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы ақша қаражатының қалдығы туралы деректер.

"Қысқа және ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 011, 110 және 119-жолдары):

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 2 және 5-кестелеріне сәйкес есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы қаржылық инвестициялар және өзгерістері бойынша деректер;

қаржы инвестицияларының жекелеген сыныптары бойынша (әділ, амортизацияланған немесе қандай да бір өзге құны бойынша) кейіннен бағалау; берілген қарыздар бойынша ақпарат;

қаржы инвестицияларының және берілген қарыздардың құнсыздануының объективті және кейіпкер белгілерінің болуы;

есепті күнге қаржы инвестицияларына байланысты тәуекелдердің сипаты мен мөлшерлері;

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 21-кестесіне сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілерінің дивидендтері мен таза табысының бөлігі бойынша кірістердің бюджеттік сыныптамасының тиісті кодына аударылған және бюджетке аударылған сома туралы ақпарат;

"Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді дебиторлық берешек" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 012, 013, 014, 015, 016, 017, 018, 019, 021, 023, 111, 112 және 113-жолдары):

есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы дебиторлық берешекті салыстыруды, есепті кезең үшін дебиторлық берешек сомасындағы өзгерістерді талдау ұсынылады;

байланысты тараптармен (өз жүйесінің мемлекеттік мекемелері мен бақыланатын субъектілер) операциялар бойынша ақпарат;

күмәнді дебиторлық берешек бойынша құрылған резерв жөнінде есеп айырысулар;

есептен шығарылу себептерін көрсете отырып, күмәнді дебиторлық берешек бойынша есептен шығарылған үмітсіз борыштардың сомалары;

банкроттардың және мәжбүрлеп таратылатын өзге де заңды тұлғалардың салық берешегін қоса алғанда салық түсімдері бойынша бюджетпен есеп айырысу бойынша күмәнді дебиторлық берешек бойынша резерв туралы ақпарат ;

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 22-кестесіне сәйкес есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы салық түсімдері бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша дебиторлық берешекті салыстыруды ұсынады.

"Қорлар" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 020-жолы):

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 4-кестесіне сәйкес түсімдерді, қорлардың құнсыздануынан болған залал және өзге өзгерістерді көрсететін есепті кезеңнің басында және аяғындағы баланстық құнның салыстырмасын ұсынады;

қорларды бағалау әдістері;

қорлардың құнсыздануына арнап құрылған резерв жөніндегі есеп айырысулар;

қорлардың құнсыздануына арнап резерв құру себептері;

қорлардың құнсыздануынан болған залалды қалпына келтіру себептері мен сомалары;

ауыл шаруашылық өнімдерінің әрбір тобының оны алу (жинау) кезінде әділ құнын айқындау кезінде пайдаланылған әдістер туралы ақпарат.

"Өзге қысқа мерзімді активтер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1 -нысанының 022-жолы) жылдың басында, жылдың аяғында қозғалысы (ұлғаюы және азаюы) болуы туралы деректердің есепті кезеңдегі өзге қысқа мерзімді активтердің түрлері бойынша сипаттамасы.

"Ұзақ мерзімді активтер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 114, 116 және 118-жолдары):

ұзақ мерзімді активтердің әрбір сыныбы бойынша "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 6, 7 және 9-кестелеріне сәйкес түсімді, амортизацияны, құнсызданудан болған залалды және өзге өзгерістерді көрсететін есепті кезеңнің басына және аяғына арналған баланстық құн салыстырмасын ұсыну қажет;

ұзақ мерзімді активтерді бағалау әдістерін;

ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануына арнап құрылған резерв бойынша есептеулерді;

ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануына арнап резерв құру себептерін;

ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануынан болған залалдарды қалпына келтіру себептері мен сомасын;

уақытша тұрып қалған ұзақ мерзімді активтер туралы ақпаратты;

толығымен амортизацияланған, бірақ пайдаланылып жүрген ұзақ мерзімді активтер туралы ақпаратты;

ұзақ мерзімді активтерді жалдаудың түрлері, мерзімі, шарттары туралы ақпаратты ұсыну қажет.

Ұзақ мерзімді активтер қайта бағаланған құны бойынша көрсетілген жағдайда:

қайта бағалау жүргізілген күні мен оны өткізу үшін негіздеме туралы;

тәуелсіз бағалаушының қатысуы (лицензиясының нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып) туралы;

ұзақ мерзімді активтер объектісінің әділ құнын анықтау үшін пайдаланылған әдістер туралы ақпаратты ұсыну қажет.

Сенімгерлік басқаруға берілген активтер бойынша және сенімгерлік басқарудан түскен кірістер мен шығыстардың түрлері бойынша ақпарат.

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 23-кестесіне сәйкес "Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 115-жолы) құрылысы аяқталмаған объектілердің шығындары мен оған күрделі салымдар бойынша ақпарат ұсынылады. Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді активтер шотына енгізілмеген, объектілерді жаңғырту және құрылыс келісімшарттарымен белгіленген мерзімдерде, жобалық-сметалық құжаттарды қоса алғанда, құрылысы аяқталмаған объектілер бойынша ақпарат "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 23-1 кестесіне сәйкес ұсынылады.

"Биологиялық активтер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 117-жолы):

биологиялық активтердің әрбір тобына сипаттама берілсін;

биологиялық активтердің әрбір тобының әділ құнын анықтау үшін пайдаланылған әдістер туралы ақпарат;

іс жүзіндегі шығындар бойынша бағалау жағдайында түсімдер, амортизация, құнсызданудан болған залал және өзге өзгерістері түсіндірме жазбаның "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 8-кестесіне сәйкес көрсетілетін есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы баланстық құн салыстырмасы ашып көрсетілсін.

"Материалдық емес активтер" бабы бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 118-жолы).

"Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары" бабы бойынша (ШҚЕ-1-нысанының 119-жолы) ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары, соның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілері (инвестиция субъектілерінің атауы мен тұрғылықты жерлері, жарғылық капиталында мемлекеттің қатысу үлесі, инвестицияның есепті кезеңдегі қозғалысы) бойынша ақпарат "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5- нысанының 5-1 кестесіне сәйкес көрсетіледі.

"Өзге ұзақ мерзімді активтер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 120-жолы) жылдың басында және аяғында қозғалысы (ұлғаюы және азаюы) болуы туралы деректердің есепті кезеңдегі өзге қысқа мерзімді активтердің түрлері бойынша сипаттамасы.

Алынған немесе жалға берілген, сондай-ақ концессияға берілген мүлік бойынша ақпарат.

"Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 210 және 310-жолдары):

қарыз алудың түрлері, шарттары және сомалары;

қаржылық міндеттемелердің жекелеген сыныптары бойынша (әділ, амортизацияланған немесе қандай да бір өзге құн бойынша) кейіннен бағалау;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша міндеттемелер жөніндегі ақпарат;

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 10 және 11-кестелеріне сәйкес есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы өзгерістер.

"Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген бап бойынша (ШҚЕ-1 "Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" нысанының 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217, 218, 219, 220, 221, 223, 224, 311, 312, 313 және 315-жолдары):

байланысты тараптармен (өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерімен және бақыланатын субъектілермен) операциялар бойынша ақпаратты;

пайдаланылмаған еңбек демалыстары бойынша резерв жөнінде берешекті есептен шығару және есепке алу жөнінде ақпарат;

кредиторлық берешекті есептен шығару сомалары мен себептері;

активтерді жалдау бойынша кредиторлық берешек туралы ақпарат;

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 22-кестесіне сәйкес есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы салық түсімдері бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша кредиторлық берешек туралы ақпарат;

вексельдер бойынша, оның ішінде төлем пайыздары бойынша есептелген сыйақы сомалары туралы ақпарат;

"Бағалау және кепілдік міндеттемелер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 222 және 314-жолдары):

құрылған бағалау міндеттемелері жөнінде ақпарат;
есепті кезең ішінде бағалау міндеттемелерінің пайдаланылған сомалары;
шартты активтер мен шартты міндеттемелердің қысқаша сипаттамасы.

"Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 221-жолы) жылдың басында және аяғында қозғалысы (ұлғаюы және азаюы) болуы туралы деректердің есепті кезеңдегі басқа қысқа мерзімді кредиторлық берешек түрлері бойынша сипаттамасы.

"Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 315-жолы) жылдың басында және аяғында қозғалысы (ұлғаюы және азаюы) болуы туралы деректердің есепті кезеңдегі басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша сипаттамасы.

"Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 223-жолы) жылдың басында және аяғында қозғалысы (ұлғаюы және азаюы) болуы туралы деректердің есепті кезеңдегі басқа қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша сипаттамасы.

"Резервтер" деген бап бойынша ("Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ШҚЕ-1-нысанының 411-жолы) қайта бағалау құны бойынша бағаланатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау жөнінде резервтер бойынша қалдықтар мен операциялар туралы ақпарат ұсынылады.

"Кірістер" және "Шығыстар" деген баптар бойынша ("Қаржы қызметінің нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп" ШҚЕ-2-нысанының 100 және 200-жолдары) есепті кезеңдегі кірістер мен шығыстар жөнінде ақпарат ұсынылады:

кірістердің әрбір санаты бойынша;

активтерді басқарудан түсетін кірістер мен шығыстар бойынша (инвестициялардан, қарыздардан, қаржылық жалдаудан сыйақылар және активтерді басқарудан түсетін өзге кірістер мен шығыстар бойынша);

негізгі құралдардың, инвестициялық жылжымайтын мүліктің істен шығуынан кірістер мен шығыстар бойынша;

негізгі құралдардың құнсыздануынан болған залалдар және бұрын танылған резервті қалпына келтіру бойынша;

қорлардың құнсыздануының резерв сомалары бойынша және бұрын танылған залалдарды қалпына келтіру;

есепті кезеңде және өткен жылдың ұқсас кезеңінде құрылған бағалау резервтерінің сомалары бойынша және бұрын танылған резервтерді қалпына келтіру.

"Өзге кірістер" деген баптар бойынша:

ұзақ мерзімді активтердің әрбір сыныбы бойынша – олардың әділ құнының өзгеруінен алынған кірістер туралы;

өтеусіз қабылданған ұзақ мерзімді активтер туралы;

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 12-кестесіне сәйкес басқа кірістер бойынша ақпарат ұсынылады.

"Өзге шығыстар" деген баптар бойынша "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 14-кестесіне сәйкес ақпарат ұсынылады:

ұзақ мерзімді активтердің әрбір сыныбы бойынша – активтерді түгендеу барысында айқындалған активтердің құнсыздануынан шыққан шығыстар туралы ;

күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервтер жөнінде;

өтеусіз берілген ұзақ мерзімді активтер/қорлар туралы.

"Бюджетке түсетін салықтық кірістер" деген бап бойынша "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 13-кестесіне сәйкес бюджетке салық түсімдерінен есептелген кірістердің сомалары, бюджетке түсетін түсімдерге әсер ететін негізгі факторлар туралы ақпарат және салық түсімдерінен түсетін кірістер бойынша өзге де ақпарат ұсынылады.

"Бюджетке трансферттердің түсуі" деген бап бойынша республикалық және жергілікті бюджеттерге алынған трансферттер бойынша есептелген кірістердің сомасы туралы ақпарат ұсынылады.

"Салықтық емес түсімдер" деген бап бойынша республикалық және жергілікті бюджеттерге түскен салықтық емес түсімдер бойынша есептелген кірістердің сомасы туралы ақпарат ұсынылады.

"Бюджетке түсетін түсімдерді азайту бойынша шығыстар" деген бап бойынша ("Қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп" ШҚЕ-2-нысанының 137-жолы) "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 15-кестесіне сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер алдындағы бұрын есептелген кірістерді және аударылған кеден баждарын түзету кезінде туындайтын бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдердің азаюы бойынша шығыстар туралы ақпарат ұсынылады.

"Өтеусіз берілген/алынған ұзақ мерзімді активтер/қорлар" деген бап бойынша "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 16 және 16-1-кестесіне сәйкес өтеусіз берілген/алынған ұзақ мерзімді активтер/қорлар туралы ақпарат ұсынылады.

"Концессиялық активтер және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша басқа активтер бойынша ақпарат" деген бап бойынша "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 17-кестесіне сәйкес негізгі құралдардың түрлері бойынша концессиялық активтердің және мемлекеттік-жекеменшік серіктестік шарттары шеңберінде алынған өзге де активтердің болуы туралы ақпарат ұсынылады.

"Өзара операциялар бойынша ақпарат" деген бап бойынша мынадай:

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 18-кестесіне сәйкес элиминирленген операцияларды анықтау мақсатында бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өзара операциялары бойынша кірістер мен шығыстардың түрлері бойынша;

бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне көшіру мақсатында "Ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)" ШҚЕ-3-нысанының 017 "Сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар" бабы бойынша көрсетілген сыртқы қарыз есебіне ақша қаражатының түсімдері бойынша ақпарат ұсынылады.

7120 "Бюджетпен есеп айырысулар бойынша шығыстар" шоты бойынша есептелген және аударылған сомалар бойынша ақпарат" бабы бойынша 7120 "Бюджетпен есеп айырысулар бойынша шығыстар" шоты бойынша есептелген және бюджеттің кірістері мен шығыстарын элиминирлеу бойынша операцияларды анықтау мақсатында "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 19-кестесіне сәйкес бюджет түсімдерінің санаттары бойынша бюджетке аударылған сомалар туралы ақпарат.

"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша міндеттемелер" деген бап бойынша "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 20-кестесіне сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде шартта көзделген қаржылық емес және қаржылық міндеттемелер бойынша міндеттемелер (инвестициялық және операциялық шығындарды өтеу бойынша, сыйақылар және өзге де міндеттемелер бойынша) туралы ақпарат ұсынылады.

Мемлекеттік мекеме:

инвестициялық субсидиялау бойынша;

"Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" ШҚЕ-5-нысанының 25-кестесіне сәйкес мемлекеттік кепілдіктер мен шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ұсынады.

Ескеру. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.12.2024 № 862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. ШҚЕ-3 "Ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)" нысанының баптары бойынша есепті кезеңдегі қызмет түрлері бойынша ақша қаражатының түсімдері мен шығулары бойынша ақпарат:

Жәбірленушілерге өтемақы қоры бойынша ақша түсімдері мен жүргізілген төлемдер туралы ақпарат;

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры бойынша ақша түсімдері мен жүргізілген төлемдер туралы ақпарат;

Арнаулы мемлекеттік қор бойынша ақшаның түсуі және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат;

ШҚЕ-5 "Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба" нысанының 24-кестесіне сәйкес бюджеттен тыс шоттар бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы ақпарат беріледі.

Ескеру. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 30.11.2023 № 1237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 26.02.2021 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Қаржылық есептілікті ұсыну күніне дейінгі есепті күннен кейін оқиғаларды ашу: әрбір елеулі оқиғаның оның құндық мәніндегі салдарларының сипатының және бағалауының сипаттамасы.

35. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 630 бұйрығымен бекітілген, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14613 болып тіркелген) Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларының талаптарына сәйкес берілген бюджеттік есептілік жөніндегі ақпарат міндетті түрде жазылады.

4-тарау. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру

1-параграф. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау тәртібі

36. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікті ведомство республикалық бюджеттік бағдарламалар

әкімшілерінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің және ведомствоның құрылымдық бөлімшесінің бюджеті түсімдері бойынша қаржылық есептілік негізінде жасалады.

Ведомство есептіден кейінгі жылдың 20 наурызынан кешіктірмей есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды.

37. Ағымдағы кезеңнің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі осыған ұқсас өткен есептік кезеңнің деректерін салыстыру арқылы ұсынылады.

38. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік республикалық бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның АЖ осы Қағидаларға 7, 8, 9 және 10-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

39. Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік көлемі мыналарды:

1) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылдық шоғырландырылған бухгалтерлік балансты;

2) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы қызметінің нәтижелері туралы жылдық шоғырландырылған есепті;

3) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылдық ақшаның қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті (тікелей әдіс);

4) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы жылдық шоғырландырылған есепті;

5) жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазбаны қамтиды.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 06.03.2019 № 186 бұйрығымен.

40. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру үшін осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес жылдық есептердің нысандары бойынша шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізгі көрсеткіштерін ауыстыру схемасы қолданылады.

41. ЖШҚЕ-7 "Жылдық шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" нысаны қаржы жағдайы, активтер, міндеттемелер мен таза активтер/капитал туралы есепті білдіреді.

"Жылдық шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ЖШҚЕ-7 нысанының баптарын шоғырландыру ұқсас баптарды жолма-жол қосу арқылы жүзеге асырылады.

Өзара есеп айырысулар бойынша сальдо болған жағдайда, дебиторлық және кредиторлық берешек жөніндегі ведомствалық өзара есеп айырысулар бойынша элиминирленеді, яғни өзара бірлесіп алынып тасталады.

"Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар" (жол коды 011), "Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар" (жол коды 110), "Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" (жол коды 213), "Бюджетке ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" (жол коды 313) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган (бөлім) арасындағы қысқа мерзімді/ ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар және қысқа мерзімді/ ұзақ мерзімді кредиторлық берешек бойынша өзара есеп айырысулар бойынша сальдо алынып тасталды.

Шоғырландырылған бухгалтерлік баланстың I "Қысқа мерзімді активтер" бөлімінде ақша қаражаты және олардың баламалары, қаржы инвестициялары, қысқа мерзімді дебиторлық берешек, қорлар және өзге активтер көрсетіледі.

"Ақша қаражаты және олардың баламалары" бабы (жол коды 010) бойынша шоғырландырылған бухгалтерлік баланс активінің ҚБШ-дағы ақша қаражатының қалдықтары, шетел валютасы шоттарындағы және сыртқы қарыздар мен гранттар бойынша арнайы шоттардағы, кассадағы, мемлекеттік мекемелердің ағымдағы және есепті шоттарындағы, өзге де ақшалай қаражат көрсетіледі.

"Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары" бабы (жол коды 011) бойынша берілген қысқа мерзімді қарыздар мен қаржы инвестицияларының сомасы көрсетіледі.

"Қысқа мерзімді дебиторлық берешек" бабы (жол коды 012) бойынша трансферттер, субсидиялар, зейнетақылар мен жәрдемақылар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек, бюджеттегі берешек, сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі, қызметкерлердің және есеп беретін өзге тұлғалардың дебиторлық берешек, қызметкерлермен есеп айырысудың басқа да түрлері бойынша, жалдау төлемдері бойынша берешек, өзге де қысқа мерзімді дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

"Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" бабы (жол коды 013) бойынша берілген қарыздар, қаржылық инвестициялар, жалдау және басқа алынатын сыйақылар бойынша қысқа мерзімді сыйақы сомасы көрсетіледі.

"Қорлар" бабы (жол коды 014) бойынша аяқталмаған өндірістің, материалдардың, дайын өнімнің, жолдағы тауарлар мен қорлардың қалдығы көрсетіледі.

"Берілген қысқа мерзімді аванстар" бабы (жол коды 015) бойынша өнім берушілердің қысқа мерзімді берешектер сомасы олармен есеп айырысулар әрбір жекелеген мәміле (тиеу, тауарды жіберу немесе қызмет көрсету) бойынша емес, қаражатты алдын ала тараптармен келісілген мерзімдер мен мөлшерлерде

мерзімді аудару жолымен жүзеге асырылатын өнім берушілердің қысқа мерзімді берешектер сомасы көрсетіледі.

"Салықтық және салықтық емес түсімдер жөніндегі бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" бабы (жол коды 016) бойынша бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер жөніндегі бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

"Өзге қысқа мерзімді активтер" бабы (жол коды 017) бойынша алдағы кезеңдердің шығыстарының сомасы мен өзге қысқа мерзімді активтер көрсетіледі.

"Қысқа мерзімді активтердің жиыны" бабы (жол коды 100) бойынша 010, 011, 012, 013, 014, 015, 016 және 017-жолдарының қорытынды сомасы көрсетіледі.

II "Ұзақ мерзімді активтер" бөлімінде қаржылық инвестициялар, ұзақ мерзімді дебиторлық берешектер, негізгі құралдар, аяқталмаған құрылыс пен күрделі салымдар, инвестициялық жылжымайтын мүлік, биологиялық активтер, материалдық емес активтер және басқа ұзақ мерзімді активтер көрсетіледі.

"Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары" бабы (жол коды 110) бойынша ұзақ мерзімді қарыздар, ұсынылған және қаржылық инвестициялар көрсетіледі.

"Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" бабы (жол коды 111) бойынша сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің, жалдаушылардың қаржылық жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің, өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомасы көрсетіледі.

"Негізгі құралдар" бабы (жол коды 112) бойынша негізгі құралдар көрсетіледі

"Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар" бабы (жол коды 113) бойынша негізгі құралдар мен материалдық емес активтер объектілерін құруға, реконструкцияға және сатып алуға жинақталған шығындар сомасы көрсетіледі.

"Инвестициялық жылжымайтын мүлік" бабы (жол коды 114) бойынша инвестициялық жылжымайтын мүліктің құны көрсетіледі.

"Биологиялық активтер" бабы (жол коды 115) бойынша биологиялық активтердің құны көрсетіледі.

"Материалдық емес активтер" бабы (жол коды 116) бойынша материалдық емес активтердің құны көрсетіледі.

"Өзге ұзақ мерзімді активтер" бабы (жол коды 117) бойынша алдыңғы кіші бөлімдерде көрсетілмеген басқа ұзақ мерзімді активтердің құны көрсетіледі.

"Ұзақ мерзімді активтердің жиыны" бабы (жол коды 200) бойынша 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116 және 117-жолдардың қорытынды сомасы көрсетіледі.

"Баланс" бап бойынша активтердің жалпы құны көрсетіледі (100-жол қосу 200-жол).

"III "Қысқа мерзімді міндеттемелер" бөлімінде қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер, салық және басқа да төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек, қысқа мерзімді бағалау мен кепілдік міндеттемелері, өзге қысқа мерзімді міндеттемелер көрсетіледі.

"Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер" бабы (жол коды 210) бойынша алынған қысқа мерзімді қарыздардың, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша қаржылық міндеттемелердің және өзге қаржылық міндеттемелердің сомасы көрсетіледі.

"Қысқа мерзімді кредиторлық берешек" бабы (жол коды 211) бойынша өнім берушілер мен мердігерлер алдында тауарлар, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін есептелген әлеуметтік төлемдер бойынша, бюджетке төлемдер бойынша кредиторлық берешек, еңбекақы төлеу бойынша, зейнетақы жарналары бойынша міндеттемелер, қарыздар бойынша қысқа мерзімді сыйақылар, басқа міндетті және ерікті төлемдер және басқа да ақшалай төлемдер бойынша берешек сомасы көрсетіледі.

"Бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" бабы (жол коды 212) бойынша бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

"Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер" бабы (жол коды 213) бойынша қысқа мерзімді бағалау, кепілдік міндеттемелері және өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша қалдықтар көрсетіледі.

"Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны" бабы (жол коды 300) бойынша 210, 211, 212 және 213-жолдарының қорытынды сомасы көрсетіледі.

IV "Ұзақ мерзімді міндеттемелер" бөлімінде ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер, ұзақ мерзімді кредиторлық берешек, өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер көрсетіледі.

"Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер" бабы (жол коды 310) бойынша алынған қарыздардың, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша қаржылық міндеттемелер және өзге қаржылық міндеттемелер көрсетіледі.

"Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" бабы (жол коды 311) бойынша жеткізілген активтер, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін ұзақ мерзімді кредиторлық берешек, бюджет алдындағы берешек, жалға алу төлемдері бойынша берекше және өзге де ұзақ мерзімді кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі.

"Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер" бабы (жол коды 312) бойынша бағалау және кепілдік міндеттемелері мен өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер көрсетіледі.

"Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны" бабы (жол коды 400) бойынша 310, 311 және 312-жолдардың қорытынды сомасы көрсетіледі.

V "Таза активтер/капитал" бөлімінде резервтер және жинақталған қаржылық нәтиженің сомалары көрсетіледі.

"Резервтер" бабы (жол коды 410) бойынша резервтер бойынша қалдықтар көрсетіледі.

"Жинақталған қаржылық нәтиже" бабы (жол коды 411) бойынша есепті жылды қоса алғанда, қаржылық нәтиже өсу қорытындысымен көрсетіледі.

"Жылдың басында" деген баған бойынша, оның ішінде 2018 жылғы 1 қаңтардағы республикалық бюджеттің ҚБШ-дағы қалдығы және тиісті жергілікті бюджеттер көрсетіледі.

"Таза активтердің/капиталдың жиыны" бабы (жол коды 500) бойынша 410 және 411-жолдарының қорытынды сомасы көрсетіледі.

"Баланс" бап бойынша міндеттемелер мен таза активтердің/капиталдың жалпы құны көрсетіледі (300-жол қосу 400-жол қосу 500-жол).

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 26.02.2021 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. "Қаржылық қызмет нәтижелері туралы жылдық шоғырландырылған есеп" ЖШҚЕ-8 нысанының баптарын шоғырландыру ШҚЕ-2 "Қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп" нысанының кірістер мен шығыстардың ұқсас баптарын жолма-жол қосу жолымен жүзеге асырылады.

"Ағымдағы қызметті қаржыландыру" (жол коды 011), "Күрделі салымдарды қаржыландыру" (жол коды 012), "Трансферттер бойынша кірістер" (жол коды 014), "Субсидиялар" (жол коды 016) баптары бойынша ағымдағы қызметті қаржыландыру, күрделі салымдар, трансферттер, субсидиялар бойынша қаржыландырудан түскен кірістер сомалары алынып тастауға жатады.

"Қарыздар түсімдерінен түсетін кірістер" бабы (жол коды 013) бойынша сыртқы қарыздар бойынша міндеттемелер қабылдаудан алынатын шығыстар сомасы алынып тастауға жатады.

"Бюджетке трансферттер түсімі" бабы (жол коды 020-3) бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша есептелген шығыстар сомасына кірістер сомасы (төмен тұрған бюджеттерден өткен жылдардың трансферттерін қайтару жөнінде) алынып тастауға жатады. Аудиторлық органдар жүргізген тексерулер нәтижесінде трансферттердің қайтарымы бюджеттің кірісі болып табылады.

"Айырбас операциялардан алынатын кірістер" бабы (жол коды 021) бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды өткізуден, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген қару-жарақтар мен әскери техникаларды, мүлікті және сомалары

есепті кезеңде салықтық емес түсімдердің кодтарына республикалық бюджет кірісіне аударылған басқа да активтерді сатудан бюджетпен есеп айырысулар бойынша есептелген шығыстардың сомасына бюджетке салықтық емес түсімдерден түсетін кірістер сомасы алынып тастауға жатады.

"Сыйақылар" бабы (жол коды 031) бойынша есепті кезеңде республикалық бюджет кірісіне аударылған кредиттер мен депозиттер жөнінде сыйақылар бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша есептелген шығыстар сомасына бюджетке салықтық емес түсімдерден кірістер сомасы алынып тастауға жатады.

"Активтерді басқарудан алынатын өзге де кірістер" бабы (жол коды 032) бойынша мемлекеттік меншіктен алынған кірістер (қатысу үлестері, дивидендтер, мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі, жалдау ақысы) бойынша бюджетпен есеп айырысулар жөнінде есептелген шығыстар сомасына бюджетке салықтық емес түсімдерден алынатын кірістер және есепті кезеңде республикалық бюджет кірісіне аударылған активтерді басқарудан алынатын өзге кірістердің сомасы алынып тастауға жатады.

"Өзге кірістер" бабы (жол коды 040) бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасында ұзақ мерзімді активтер мен қорларды өтеусіз алудан түскен кірістер сомасы алынып тастауға жатады. Бұдан басқа, мемлекеттік мекемелердің ұзақ мерзімді активтерімен және қорларымен орталықтандырылған жабдықтаудан түскен кірістер сомасы, республикалық бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасындағы кредиторлық және дебиторлық берешекті өтеусіз қабылдап алу-беру бойынша кірістер сомасы алынып тастауға жатады.

"Өзге операциялық шығыстар" бабы (жол коды 122) бойынша тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізуден, қару-жарақтар мен әскери техниканы, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды, республикалық меншіктегі заңды тұлғалардың бағалы қағаздарының қатысу үлестерін және басқа да активтерді сатудан бюджетпен есеп айырысу бойынша есептелген шығыстардың, сондай-ақ активтерді басқарудан түсетін кірістер мен сомасы есепті кезеңде республикалық бюджет кірісіне аударуға жататын басқа да кірістер бойынша сома алынып тастауға жатады.

"Өзге шығыстар" бабы (жол коды 150) бойынша қорларды өтеусіз беру бойынша шығыстар сомасы, мемлекеттік мекемелердің ұзақ мерзімді активтерімен және қорлары мен орталықтандырылған жабдықтау бойынша шығыстар сомасы, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасындағы кредиторлық және дебиторлық берешектерді өтеусіз қабылдап алу-беру бойынша шығыстар сомасы алынып тастауға жатады. Бұдан басқа

сыртқы қарыздар түсімдерінен алынған кірістер сомасына сыртқы қарыздар бойынша міндеттемелер қабылдаудан болған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган шығыстарының сомасы алынып тастауға жатады.

"Республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ бойынша шығыстар" бабы (жол коды 151) бойынша республикалық бюджеттің ҚБШ бойынша шығыстар сомасы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша ағымдағы қызметті қаржыландырудан, трансферттер мен субсидияларды аудару, мемлекеттік міндеттемелерді орындау үшін алынған күрделі салымдардан есептелген кірістер сомасына алынып тастауға жатады.

"Ұзақ мерзімді активтердің шығуы" бабы (жол коды 220) бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасындағы кредиторлық және дебиторлық берешектерді өтеусіз беру бойынша шығыстар сомасы, мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды және республикалық бюджеттен қыржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан бюджетпен есеп айырысулар бойынша есептелген шығыстар сомасына қаржылық инвестицияларды және олар бойынша сома есепті кезеңде республикалық бюджет кірісіне негізгі капиталды сатудан және қаржы инвестицияларын өткізуден түсімдер кодтарына республикалық бюджет кірісіне аударылған басқа активтерді қоспағанда, негізгі капиталды сатудан алынатын кірістер сомасы алынып тастауға жатады.

"Қаржылық қызмет нәтижелері туралы жылдық шоғырландырылған есеп" ЖШҚЕ-8 нысаны есепті кезеңнің кірістері, шығыстары және қаржылық нәтижелері туралы ақпаратты білдіреді, 4 "Өткен кезең" бағаны 2020 жылдан бастап осыған ұқсас өткен есепті кезеңнің деректерімен салыстырылып толтырылады және ұсынылады.

"Айырбас емес операциялардан алынатын кірістер" бабы (жол коды 010) бойынша 011, 012, 013 және 014 жолдарының сомасы көрсетіледі.

"Бюджетке түсетін түсімдерден кірістер" бабы (жол коды 011) бойынша бюджетке салықтық, салықтық емес түсімдерден, басқа мемлекеттік басқару деңгейлерінен трансферттер түсімінен (оның ішінде бюджеттік субвенциялар мен алып қоюлар) кірістер, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан трансферттер сомасы көрсетіледі.

"Қайырымдылық көмектен алынатын кірістер" бабы (жол коды 012) бойынша филантропиялық және (немесе) демеушілік және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) Бюджет кодексіне сәйкес алатын ақшалай түсімдер және басқа да активтер түрінде алынған мемлекеттік мекемелер үшін кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен түсетін кірістер көрсетіледі.

"Гранттар" бабы (жол коды 013) бойынша гранттар түсімдерінен түсетін кірістер көрсетіледі.

"Өзгелер" бабы (жол коды 014) бойынша бюджетке өзге де түсімдер бойынша кірістер сомасы көрсетіледі.

"Айырбас операциялардан алынатын кірістер" бабы (жол коды 020) бойынша тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды өткізуден түскен кірістер көрсетіледі.

"Активтерді басқарудан түскен кірістер" бабы (жол коды 030) бойынша берілген қарыздар, жалға беру бойынша сыйақылардан, дивидендтерден алынатын кірістердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің таза кірісінің бір бөлігінің және активтерді басқарудан түсетін өзге де кірістердің сомасы көрсетіледі.

"Өзге кірістер" бабы (жол коды 040) бойынша үшінші тараптардан активтерді, өтемақыны (бұрын танылған активтердің құнсыздануынан болған залалдар) өтеусіз алудан түсетін кірістер, жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Арнаулы мемлекеттік қорына түсетін кірістер мен өзге де операциялардан алынған кірістер көрсетіледі.

"Кірістер, барлығы" бабы (жол коды 100) бойынша 010, 020, 030 және 040 жолдарының сомасы көрсетіледі.

"Шығыстар, оның ішінде:" бабы (жол коды 110) бойынша 111, 112, 113, 114 және 115 жолдарының сомасы көрсетіледі.

"Еңбекақы төлеу" бабы (жол коды 111) бойынша қызметкерлердің еңбекақыларын төлемі, бюджетке тиесілі әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдар бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

"Стипендиялар" бабы (жол коды 112) бойынша есептелген стипендиялар бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі.

"Қорлар бойынша шығыстар" бабы (жол коды 113) бойынша пайдаланылған және басқа ұйымдарға сатылған қорлардың құны көрсетіледі.

"Активтер амортизациясы" бабы (жол коды 114) бойынша ұзақ мерзімді активтердің амортизациясы бойынша есептелген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

"Өзге де операциялық шығыстар" бабы (жол коды 115) бойынша өзге операциялық шығыстар сомасы көрсетіледі.

"Бюджеттік төлемдер бойынша шығыстар" бабы (жол коды 120) бойынша 121 және 122 жолдарының сомасы көрсетіледі.

"Зейнетақылар мен жәрдемақылар" бабы (жол коды 121) бойынша зейнетақылар мен жәрдемақылар бойынша есептелген шығыстар сомасы көрсетіледі.

"Субсидиялар, трансферттер" бабы (жол коды 122) бойынша берілген трансферттер мен субсидиялар бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі.

"Активтерді басқару бойынша шығыстар" бабы (жол коды 130) бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша алынған қарыздар, қаржылық жалға беру бойынша және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша есептелген шығыстар сомалары бойынша есептелген сыйақылар шығыстар мен ечептің басқа баптарында көрсетілмеген активтерді басқарудан шығыстар сомасы көрсетіледі.

"Өзге шығыстар" бабы (жол коды 140) бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша бұрын есептелген кірістерді және өзге шығыстарды түзету кезінде туындаған бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдерді азайту бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі.

"Шығыстар, барлығы" бабы (жол коды 200) бойынша 110, 120, 130 және 140 жолдарының сомасы көрсетіледі.

"Өзгелері" 210 жолы (жол коды 230) бойынша әділ құнның өзгеруінен және бағалы қағаздарды орналастырудан қаржы нәтижесі көрсетіледі.

"Ұзақ мерзімді активтердің істен шығуы" бабы (жол коды 210) бойынша активтерді өтеусіз беруден немесе есептен шығарудан қаржылық нәтиже көрсетіледі.

"Бағамдық айырма" бабы (жол коды 220) бойынша есептерде есептілік валютада көрсетілген шетел валютасының бірдей бірлік санын валюталардың әртүрлі айырбас бағамдарын пайдалана отырып көрсету нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмасының қаржылық нәтижесі көрсетіледі.

"Есепті кезеңнің қаржы нәтижесі" бабы (жол коды 300) бойынша 100- жол алу 200-жол қосу/алу 210-жол қосу/алу 220-жол қосу/алу 230-жол айырмасының жалпы сомасына қаржы нәтижесі көрсетіледі.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.05.2023 № 543 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 30.11.2023 № 1237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

43. "Жылдық ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)" ЖШҚЕ-9-нысанының баптарын шоғырландыру жолма-жол ШҚЕ-3 "Ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)"нысанының ұқсас баптарын қосу арқылы жүзеге асырылады.

"Ағымдағы қызмет" (жол коды 011), "Күрделі салымдар" (жол коды 012), "Сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен" (жол коды 013), "Трансферттер" (жол коды 014), "Субсидиялар" (жол коды 015), "Өзгелері" (жол коды 016) баптары бойынша бюджеттен бөлінген қаржыландыру сомасы алып тастауға жатады.

017 "Сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар" бабы (жол коды 017) бойынша сыртқы қарыздар бойынша шоттарға ақша қаражатының түсімінің сомасы көшіруге жатады және "Қарыздар алу" бабы (жол коды 610) бойынша көрсетіледі.

"Жыл соңына міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындауларды жабу" бабы (жол коды 180) бойынша жоспарлы тағайындаулар сальдосы алып тастауға жатады.

"ҚБШ бойынша республикалық және жергілікті бюджет шығыстары" бабы (жол коды 191) бойынша республикалық бюджеттің ҚБШ бойынша шығыстарының сомасы бюджеттен бөлінген қаржыландыру сомасына (жол коды 010) және жыл соңында міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындауларды жабу (жол коды 180) сомасына алып тастауға жатады.

"Жылдық ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)" ЖШҚЕ-9-нысаны есепті кезеңдегі ақша қаражатының қозғалысы туралы ақпаратты, ақша қаражатының түсуі мен шығуын көрсетеді, 4 "Өткен кезең" бағаны 2020 жылдан бастап ұқсас өткен есепті кезеңнің деректерімен салыстырыла отырып, толтырылады және ұсынылады.

"Ақша қаражатының түсуі, барлығы" бабы (жол коды 100) бойынша 010, 020, 030, 040, 050, 060, 070 және 080-жолдарының сомасы көрсетіледі.

"Бюджетке түсетін түсімдер бойынша" бабы (жол коды 010) бойынша байланысты гранттар мен сыйақыларды қоспағанда, республикалық бюджеттің ҚБШ-на есептелген салықтық және салықтық емес түсімдер сомасы көрсетіледі.

"Байланысты гранттар" бабы (жол коды 020) бойынша байланысты гранттар бойынша шоттарға қаражаттың түсуі көрсетіледі.

"Қайырымдылық көмектен түсетін ақша бойынша" бабы (жол коды 030) бойынша филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық және (немесе) мемлекеттік мекемелер үшін кіші отанына қолдау көрсету жөніндегі қызметтен түскен ақшалай қаражат көрсетіледі.

"Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өткізуден" бабы (жол коды 040) бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді), оның ішінде мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды өткізуден түскен ақшалай қаражат көрсетіледі.

"Сыйақы алу" бабы (жол коды 050) бойынша алынған пайыздар мен сыйақылар түрінде ақша қаражатының түсуі көрсетіледі.

"Уақытша орналастыру ақшалары бойынша" бабы (жол коды 060) бойынша уақытша орналастыру ақшалары бойынша ақшалай қаражат көрсетіледі.

"Өзге түсімдер" бабы (жол коды 070) бойынша өзге түсімдер көрсетіледі.

"Жергілікті өзін-өзі басқару ақшалары бойынша" бабы (жол коды 080) бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікте толтырылмайды.

"Ақшалай қаражаттың шығуы, барлығы" бабы (жол коды 200) бойынша 110, 120, 130, 140, 150 және 160 жолдарының сомасы көрсетіледі.

"Еңбекақы төлеу" бабы (жол коды 110) бойынша еңбекақы төлеу бойынша ақшалай төлемдер көрсетіледі.

"Зейнетақы мен жәрдемақы" бабы (жол коды 120) бойынша әлеуметтік жәрдемақылар бойынша ақшалай төлемдер көрсетіледі.

"Тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін өнім берушілер мен мердігерлерге" бабы (жол коды 130) бойынша тауарлар, жұмыстар мен қызметтер үшін өнім берушілер мен мердігерлерге ақша төлемдері көрсетіледі.

"Трансферттер, субсидиялар" бабы (жол коды 140) бойынша трансферттер мен субсидиялар түріндегі ақшалай төлемдер көрсетіледі.

"Сыйақы төлемі" бабы (жол коды 150) бойынша сыйақы түріндегі ақшалай төлемдер көрсетіледі.

"Өзге де төлемдер" бабы (жол коды 160) бойынша алдыңғы баптарда көрсетілмеген ақша шоттары бойынша басқа да төлемдер көрсетіледі.

"Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы" бабы (жол коды 300) бойынша ақша түсімдері мен ақша төлемдері (100 жол – 200 жол) арасындағы айырма көрсетіледі. Теріс айырма жақшада көрсетіледі (одан кейінгі есептерде шегеріледі).

"Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы" бөлімінде инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының түсімдері мен төлемдері көрсетіледі.

"Ақша қаражатының түсуі, барлығы" бабы (жол коды 400) бойынша 310, 320, 330 және 340 жолдарының сомасы көрсетіледі.

"Ұзақ мерзімді активтерді өткізу" бабы (жол коды 310) бойынша мемлекеттік мүлікті өткізуден ақша түсімдерінің сомасы көрсетіледі.

"Бағалы қағаздар мен бақыланатын және басқа субъектілердің үлестерін сату" бабы (жол коды 320) бойынша бағалы қағаздарды сатудан түскен ақша түсімдері мен бақыланатын және басқа субъектілердің капиталындағы үлесті өткізуден түскен ақшалай түсімдер көрсетіледі.

"Қарыздарды өтеу" бабы (жол коды 330) бойынша берілген қарыздарды өтеу сомасы көрсетіледі.

"Өзгелер" бабы (жол коды 340) бойынша инвестициялық қызметтен басқа түсімдер бойынша ақша қаражатының сомасы көрсетіледі.

"Ақша қаражатының шығуы, барлығы" бабы (жол коды 500) бойынша 410, 420, 430, 440 және 450 жолдардың сомасын көрсетеді.

"Ұзақ мерзімді активтерді сатып алу" бабы (жол коды 410) бойынша ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға арналған ақша төлемдерінің сомасы көрсетіледі.

"Бағалы қағаздар мен бақыланатын және басқа субъектілердің үлестерін сатып алу" бабы (жол коды 420) бойынша бағалы қағаздарды сатып алуға арналған ақша төлемдерінің, бақыланатын және басқа субъектілердің капиталындағы қатысу үлесін сатып алуға ақша төлемдерінің және бақыланатын және басқа субъектілердің үлестерін" сомасы көрсетіледі.

"Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын қалыптастыру және толтыру" бабы (жол коды 430) бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталына ақша салымдарының сомасы көрсетіледі.

"Берілген қарыздар" бабы (жол коды 440) бойынша берілген қарыздар бойынша ақша төлемдерінің сомасы көрсетіледі.

"Өзгелер" бабы (жол коды 450) бойынша аяқталмаған құрылысқа және материалдық емес активтерге күрделі салымдарға басқа инвестициялық қызметтен шығарылған ақша қаражаты бойынша сома көрсетіледі.

"Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы" бабы (жол коды 600) бойынша ақша түсімдері мен ақшалай төлемдер арасындағы айырма көрсетіледі (400 жол алу 500 жол). Теріс айырма жақшада көрсетіледі (бұдан кейінгі есептерде шегеріледі).

"Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы" бөлімінде қарыздарды алу және өтеу көрсетіледі.

"Ақша қаражатының түсуі, барлығы" бабы (жол коды 700) бойынша 610 және 620 жолдардың сомасын көрсетеді.

"Қарыз алу" бабы (жол коды 610) бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің сыртқы қарыздары шотына ақша қаражаты түсімдерінің сомасы көрсетіледі.

"Өзгелер" бабы (жол коды 620) бойынша есептің басқа баптарында көрсетілмеген өзге түсімдер бойынша ақша қаражатының сомасы көрсетіледі.

"Ақша қаражатының шығуы, барлығы" бабы (жол коды 800) бойынша 710 және 720- жолдардың сомасын көрсетеді.

"Қарыздарды өтеу" бабы (жол коды 710) бойынша қарызды өтеудегі ақшалай төлемдер көрсетіледі.

"Өзгелер" бабы (жол коды 720) бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындауға арналған төлемдер мен қаржылық қызметтен шыққан басқа ақша қаражаты көрсетіледі.

"Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы" бабы (жол коды 900) бойынша ақша түсімдері мен ақшалай төлемдердің арасындағы

айырма көрсетіледі (700 жол алу 800 жол). Теріс айырмашылық жақшаларға алынып көрсетіледі (бұдан кейінгі есептерде шегеріледі).

"Бастапқы кезеңдегі ақша қаражаты" бабы (жол коды 920) бойынша республикалық бюджеттің ҚБШ-сынан берілген оның ішінде 2018 жылы 1 қаңтардағы қалдық көрсетіледі.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 06.03.2019 № 186 бұйрығымен.

44. "Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы жылдық шоғырландырылған есеп" ЖШҚЕ-10-нысаны таза активтердің/капиталдың өзгеру себебі туралы ақпаратты ашады. Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы жылдық шоғырландырылған есеп есепті кезеңдегі шоғырландырылған бухгалтерлік баланстың "Таза активтер/капитал" бөлімі баптарының бөлінісінде жасалады. ЖШҚЕ-10-нысанының 070, 080, 090, 100, 110 және 120 жолдары 2020 жылдан бастап ұқсас өткен есепті кезең деректерімен салыстырыла отырып толтырылады.

"Есепті кезеңнің басындағы сальдо" бабы (жол коды 010) бойынша ағымдағы кезеңнің шоғырландырылған бухгалтерлік балансының тиісті баптары бойынша есепті кезеңнің басындағы қалдықтар көрсетіледі.

"Есептік саясаттағы өзгерістер мен қателерді түзету" бабы (жол коды 020) бойынша есепті кезеңнің ішінде есептік саясаттың өзгеруіне және қателерді түзетуге қаржылық нәтижені түзету сомасы көрсетіледі.

"Қайта есептелген сальдо" (010-жол қосу/алу 020-жол) бабы (жол коды 030) бойынша есептік саясаттың өзгеруіне және қателерді түзетуге есепті кезеңнің түзетілген сальдосы көрсетіледі.

"Есепті кезеңдегі таза активтердегі/капиталдағы өзгерістер" бабы (жол коды 040) бойынша есепті кезеңдегі сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді активтер мен қаржы инвестицияларын қайта бағалауға резервтердің, сондай-ақ өзге де резервтердің ұлғаюы және азаюы көрсетіледі.

"Есепті кезеңдегі қаржылық нәтиже" бабы (жол коды 050) бойынша қаржы қызметінің нәтижелері туралы жылдық шоғырландырылған есепте туындаған есепті кезең үшін қаржылық нәтиже сомасы көрсетіледі (ЖШЖЕ-2).

"Есепті кезеңнің аяғындағы сальдо" бабы (жол коды 060) бойынша таза активтер/капитал қалдықтарының сомасы (030-жол қосу/алу 040-жол) көрсетіледі.

"Өткен кезеңнің басындағы сальдо" бабы (жол коды 070) бойынша өткен кезеңдегі бухгалтерлік баланстың тиісті баптары бойынша есепті кезеңнің басындағы қалдықтар жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік баптары өткен кезеңмен көрсетіледі.

"Есеп саясатындағы өзгерістер және қателерді түзету" бабы (жол коды 080) бойынша есепті кезеңнің ішінде есеп саясатының өзгеруіне және қателерді түзетуге қаржылық нәтижені түзету сомасы көрсетіледі.

"Қайта есептелген сальдо" бабы (жол коды 090) бойынша (060-жол қосу/алу 070 жол) есеп саясаты мен қателерді түзетудегі өзгерістерге есепті кезеңнің түзетілген сальдосы көрсетіледі.

"Өткен кезеңдегі таза активтердегі/капиталдағы өзгерістер" бабы (жол коды 100) бойынша өткен жылдың осындай кезеңінде сатуға арналған бар ұзақ мерзімді активтер мен қаржылық инвестицияларды қайта бағалауға резервтердің, сондай-ақ өзге де резервтердің ұлғаюы мен азаюы көрсетіледі.

"Өткен кезеңдегі қаржылық нәтиже" бабы (жол коды 110) бойынша шоғырландырылған қаржылық қызмет нәтижелері туралы есептен өткен кезеңдегі қаржылық нәтиженің сомасы көрсетіледі.

"Өткен кезеңнің аяғындағы сальдо" бабы (жол коды 120) бойынша бюджетке түсімдер бойынша таза активтердің/капиталдың сомасы көрсетіледі (080-жолы қосу/алу 090 жолы).

Ескерту. 44-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 06.03.2019 № 186; ҚР Қаржы министрінің 26.02.2021 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

45. Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазбаны республикалық бюджетті атқару саласындағы функцияларды жүзеге асыратын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жасайды.

Жалпы мәліметтерде қаржылық есептілікті дайындаудың негізін құрайтын қағидаттар және қолджанылатын есептік саясат туралы ақпарат қамтылады.

Бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікті ашу:

бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған бухгалтерлік баланс баптарының сипаттамасын, сондай-ақ олардың мыналар бойынша:

есепті кезеңнің басына және аяғына ақша қаражатының қалдықтары және өзгерістер бойынша;

есепті кезеңнің басына және аяғына қаржы инвестициялары және өзгерістер бойынша;

квзимемлекеттік сектор субъектілеріне ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша;

есепті кезеңнің басына және аяғына қорлар мен басқа ұзақ мерзімді активтер бойынша және олардың өзгерістері;

қаржылық міндеттемелер мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша және қаржылық міндеттемелер бойынша;

есепті кезеңнің басына және аяғына дебиторлық және кредиторлық берешек бойынша салыстырмалы талдауды;

қаржы қызметінің нәтижелері туралы есептің кірістері мен шығыстарының негізгі баптарын талдауды қамтиды;

"Республикалық, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікте бюджет түсімдерін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 26 мамырдағы № 340 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15266 болып тіркелген) салық төлеушілердің дербес шоттарының қорытынды операциялары бойынша (бюджетке есептелген, азайтылған, қайтарылған сомалар) жиынтық есеп бойынша талдамалық деректер.

Ескерту. 45-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 06.03.2019 № 186 бұйрығымен.

5-тарау. Облыстар бюджетінің, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру

1-параграф. Облыстар бюджетінің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау

46. Облыстар бюджетінің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің бюджеті түсімдері бойынша қаржылық есептілігінің, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджетті атқару туралы шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жасайды.

47. Бюджетті атқару жөніндегі жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін жергілікті бюджетті атқару жөніндегі ауданның жергілікті уәкілетті органының қаржылық есептілігі, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде бюджетті атқару бойынша ауданның жергілікті уәкілетті органы жасайды.

48. Облыстар бюджетінің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеті атқару жөніндегі жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның АЖ қалыптастырылады.

49. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган облыстар бюджетін, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджетті атқарылуы туралы

жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру кезінде бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған бухгалтерлік баланс баптарының және осы Қағидалардың 41, 42, 43, 44 және 45-тармақтарында көзделген қаржы қызметінің нәтижелері туралы, ақша қозғалысы туралы (тікелей әдіс) және таза активтердің/капиталдың өзгеруі туралы, бюджеттің атқарылуы туралы есептер көрсеткіштерінің сипаттамаларын басшылыққа алады.

50. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ұқсас баптарды жолма-жол қосу арқылы "Бюджетті атқару жөніндегі жылдық шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" баптарын шоғырландыруды жүзеге асырады (ЖШҚЕ-7 нысаны):

"Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары" бабы (жол коды 011), облыстың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша дебиторлық берешек сальдо сомасы алып тастауға жатады;

"Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" бабы (жол коды 012), облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген нысаналы трансферттер бойынша дебиторлық берешек сальдо сомасы алып тастауға жатады;

"Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" бабы (жол коды 013), облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша алынуға тиіс сыйақылардың дебиторлық берешегінің сальдо сомасы алынып тасталуы тиіс;

"Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары" бабы (жол коды 110), облыстың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджетке берілген бюджеттік кредиттердің дебиторлық берешегі сальдосының сомасы алынып тастауға жатады;

"Қысқа мерзімді кредиторлық берешек" бабы (жол коды 211), облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер, есептелген сыйақылар және трансферттердің пайдаланылмаған сомасы бойынша бюджетке төлінетін кредиторлық берешек сальдосының сомасы алынып тастауға жатады;

"Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" бабы (жол коды 311) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде

төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша бюджетке төленетін кредиторлық берешек сальдосының сомасы алынып тастауға жатады;

51. Жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган ұқсас баптарды жолма-жол қосу арқылы қаржылық қызмет нәтижелері туралы есептің (ЖШҚЕ-8 нысаны) баптарын шоғырландыруды жүзеге асырады:

"Айырбас емес операциялардан түсетін кірістер" бабы (жол коды 010), облыстың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ағымдағы қызметті қаржыландыру бойынша айырбас емес операциялардан түсетін кірістер, күрделі салымдар, сыртқы қарыздарды қаржыландырудан түсетін кірістер, жергілікті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шоты бойынша шығыстар сомасымен трансферттер бойынша кірістер сомасы;

жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері есептеген өткен жылдар трансферттерін қайтару бойынша бюджетпен есеп айырысу бойынша шығыстар сомасына бюджетке түскен трансферттерді қайтару бойынша кірістер сомасы; ағымдағы жылы бөлінген пайдаланылған трансферттер сомасына жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке трансферттер түсімдерінің сомасын алып тастауға жатады.

"Айырбас операцияларынан алынатын кірістер" бабы (жол коды 020), облыстың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде бюджетке салықтық емес түсімдерден, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өткізуден түсетін кірістердің, негізгі капиталды өткізуден түсетін кірістердің, активтерді сатудан бюджетпен есеп айырысу бойынша есептелген шығыстар сомасымен мемлекеттің қаржылық активтерін өткізуден түсетін кірістердің, сондай-ақ активтерді басқарудан алынатын кірістер мен сомалары есепті кезеңде бюджет кірісіне аударуға жататын басқа да кірістер бойынша алып тастауға жатады.

"Активтерді басқарудан алынатын кірістер" бабы (жол коды 030), облыстың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттің сыйақы төлемі бойынша шығыстар сомасына төмен тұрған бюджеттерге жоғары тұрған бюджетке түскен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақы бойынша кірістердің сомасы алып тастауға жатады.

"Өзге де операциялық шығыстар" бабы (жол коды 115), облыстың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде берілген бюджеттік кредиттер, сыйақылар мен алынған трансферттердің толық пайдаланылмаған сомасына есептелген міндеттеме сомалары бойынша бюджетке төлемдер бойынша шығыстар сомасы; ағымдағы қызметтерді қаржыландыруға және күрделі салымдарына ведомстволық тәуелді

мемлекеттік мекемелерге қаражат беру кезінде есептелген бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстарының сомасы алып тастауға жатады.

"Субсидиялар, трансферттер" баптары (жол коды 122), облыстың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есебінде ағымдағы жылы пайдаланылған жоғары тұрған бюджеттен алынған трансферттер бойынша шығыстардың сомасы алынып тасталынады.

"Активтерді басқару бойынша шығыстар" 130-бабы, облыстың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде алынған бюджеттік кредиттер бойынша жоғары тұрған бюджетке сыйақы төлеу бойынша шығыстар сомасы алып тастауға жатады.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 26.02.2021 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51-1. Жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган ЖШҚЕ-9 "Ақша қозғалысы туралы жылдық шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)" нысанын ұқсас баптарды жолма-жол қосу арқылы шоғырландырады:

"Бюджетке түсімдер бойынша" бабы (жол коды 010), облыстың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке трансферттер түсімдерінің сомасы алып тастауға жатады;

"Алынған сыйақы" бабы (жол коды 050), облыстың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде жоғары және төмен деңгейдегі бюджет арасында берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақы түсімдері алып тастауға жатады;

"Трансферттер, субсидиялар" бабы (жол коды 140), бюджетті атқару жөніндегі облыстың уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке трансферттер сомасы алып тастауға жатады;

"Өзге төлемдер" бабы (жол коды 160), облыстың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде жоғары тұрған бюджетке трансферттерді қайтару сомасы алып тастауға жатады;

"Қарыздарды өтеу" бабы (жол коды 330), облыстың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде бюджет деңгейлері арасындағы бюджеттік кредиттерді өтеу есебіне түскен сомалар алып тастауға жатады;

"Берілген несиелер" бабы (жол коды 440), бюджеттің атқарылуы жөніндегі облыстың уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде бюджеттік кредиттеуге бюджеттік деңгейлер арасында аударылған сомалар алынып тасталуға жатады;

"Қарыздарды алу" бабы (жол коды 610), бюджеттің атқарылуы жөніндегі облыстың уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігіндегі алынған бюджеттік кредиттер сомасын бюджеттік деңгейлер арасында алып тастауға жатады;

"Қарыздарды өтеу" бабы (жол коды 710), облыстың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде бюджеттік деңгейлер арасындағы бюджеттік кредиттерді өтеуге аударылған сомалар алынып тасталынады.

Ескерту. Қағида 51-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 26.02.2021 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 23.12.2024 № 862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Облыстар бюджеттерінің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазбаны жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жасайды.

Облыстар бюджеттерінің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджетті атқару жөніндегі бюджеттерінің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазбаны жасау тәртібі осы Қағидалардың 45-тармақтарына сәйкес республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазбаны жасау тәртібіне ұқсас.

54. Жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган осы Қағидалардың 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларына сәйкес белгіленген нысандар бойынша облыстар бюджеттерінің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті бюджетті жасайды.

Жергілікті бюджетті атқару жөніндегі облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың уәкілетті органдары есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 30 наурыздан кешіктірмей облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті әкімдікке, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың уәкілетті органына, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың тиісті органдарына ұсынады.

Облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдігі жыл сайын облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің

атқарылуы туралы қосымшалары бар есепті қаржы жылындағы жылдық қаржылық есептілікті:

есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20 сәуірінен кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиясына;

есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мәслихатына ұсынады.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.05.2023 № 543 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 30.11.2023 № 1237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2024 № 862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5-1-тарау. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру

Ескерту. Қағидалар 5-1-тараумен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.05.2023 № 543 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.12.2024 № 862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау

54-1. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шоғырландырылған қаржылық есептілігі және облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның бюджет түсімдері бойынша қаржылық есептілігі негізінде облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган жасайды.

54-2. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның АЖ қалыптастырылады.

54-3. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органооблыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру кезінде бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған бухгалтерлік баланс баптарының сипаттамаларын және Қағидалардың 41, 42, 43, 44 және 45-тармақтарында көзделген бюджеттің атқарылуы туралы қаржы қызметінің нәтижелері туралы шоғырландырылған есептің, бюджеттің атқарылуы туралы ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің (тікелей әдіс) және осы бюджеттің атқарылуы туралы таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есептің көрсеткіштерін басшылыққа алады.

54-4 Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган "Бюджетті атқару жөніндегі жылдық шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ЖШҚЕ-7 нысанының баптарын шоғырландыру ұқсас баптарды жолма-жол қосу арқылы жүзеге асырылады: "Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар" баптары (жол коды 011) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша дебиторлық берешек сальдосының сомасы алып тастауға жатады;

"Қысқа мерзімді дебиторлық берешек" баптары (жол коды 012) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы трансферттер бойынша дебиторлық берешек сальдосының сомасы алып тастауға жатады;

"Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" баптары (жол коды 013) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы жөніндегі облыстық уәкілетті органның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша алынуға тиісті сыйақылар бойынша дебиторлық берешек сальдосының сомасы алып тастауға жатады;

"Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар" баптары (жол коды 110) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттердің дебиторлық берешек сальдосының сомасы алып тастауға жатады;

"Қысқа мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 211) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша, есептелген сыйақылар бойынша және толық пайдаланылмаған сомаға трансферттер бойынша бюджетке төлемдер бойынша кредиторлық берешек сальдосының сомасы алып тастауға жатады;

"Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 311) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша бюджетке төлемдер бойынша кредиторлық берешек сальдосының сомасы алып тастауға жатады.

54-5. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган "Қаржы қызметінің нәтижелері туралы жылдық шоғырландырылған есеп" ЖШҚЕ-8 нысанының баптарын шоғырландыру ұқсас баптарды жолма-жол қосу арқылы жүзеге асырылады: "Айырбас емес операциялардан алынатын кірістер" баптары (жол коды 010) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ағымдағы қызметті қаржыландыру бойынша айырбас емес операциялардан түсетін кірістер, күрделі салымдар, сыртқы қарыздарды қаржыландырудан түсетін кірістер, жергілікті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шоты бойынша шығыстар сомасына трансферттер бойынша кірістер сомасы;

жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері есептеген өткен жылдар трансферттерін қайтару бойынша бюджетпен есеп айырысу бойынша шығыстар сомасына бюджетке түскен трансферттерді қайтару бойынша кірістер сомасы; ағымдағы жылы бөлінген пайдаланылған трансферттер сомасына жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке трансферттер түсімдерінің сомасын алып тастауға жатады;

"Айырбас операцияларынан алынатын кірістер" баптары (жол коды 020) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде бюджетке салықтық емес түсімдерден, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін кірістердің, негізгі капиталды өткізуден түсетін кірістердің, активтерді сатудан бюджетпен есеп айырысу бойынша есептелген шығыстар сомасымен мемлекеттің қаржылық активтерін өткізуден түсетін кірістердің, сондай-ақ активтерді басқарудан алынатын кірістер мен сомалары

есепті кезеңде бюджет кірісіне аударуға жататын басқа да кірістер бойынша сомалар алып тастауға жатады;

"Активтерді басқарудан алынатын кірістер" баптары (жол коды 030) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша жоғары тұрған бюджетке түскен төмен тұрған бюджеттің сыйақыларын төлеу жөніндегі шығыстар сомасына сыйақылар бойынша кірістер сомасы алып тастауға жатады;

"Өзге де операциялық шығыстар" баптары (жол коды 115) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде бюджеттік кредиттер, сыйақылар мен алынған трансферттердің толық пайдаланылмаған сомасына есептелген міндеттеме сомалары бойынша бюджетке төлемдер бойынша шығыстар сомасы;

ағымдағы қызметтерді қаржыландыруға және күрделі салымдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерге қаражат беру кезінде есептелген бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстар сомасы алып тастауға жатады;

"Субсидиялар, трансферттер" баптары (жол коды 122) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ағымдағы жылы пайдаланылған жоғары тұрған бюджеттен алынған трансферттер бойынша шығыстардың сомасы алып тастауға жатады;

"Активтерді басқару бойынша шығыстар" баптары (жол коды 130) облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде алынған бюджеттік кредиттер бойынша жоғары тұрған бюджетке сыйақы төлеу бойынша шығыстар сомасы алып тастауға жатады.

54-6. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік осы Қағидалардың 39-тармағында көзделген республикалық бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілік көлемінде қалыптастырылады.

54-7. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазбаны аудандық бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган жасайды. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба жасау тәртібі осы

Қағидалардың 45-тармағына сәйкес республикалық бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің түсіндірме жазбасын жасау тәртібіне ұқсас.

54-8. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 30 наурызынан кешіктірмей облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті осы Қағидалардың 7, 8, 9 және 10-қосымшаларына сәйкес белгіленген нысандар бойынша мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың тиісті аумақтық органдарына ұсынады.

5-2-тарау. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің және аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру

Ескерту. Қағидалар 5-2-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 23.12.2024 № 862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің және аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау";

54-9. Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті аудандық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шоғырландырылған қаржылық есептілігі, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің қаржылық есептілігі және аудандық бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның бюджет түсімдері бойынша негізінде аудандық бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган жасайды.

54-10. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның АЖ қалыптастырылады.

54-11. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастыру кезінде бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған бухгалтерлік баланс баптарының сипаттамаларын және Қағидалардың 41, 42, 43, 44 және 45-тармақтарында көзделген бюджеттің

атқарылуы туралы қаржы қызметінің нәтижелері туралы шоғырландырылған есептің, бюджеттің атқарылуы туралы ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің (тікелей әдіс) және осы бюджеттің атқарылуы туралы таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есептің көрсеткіштерін басшылыққа алады.

54-12. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган "Бюджетті атқару жөніндегі жылдық шоғырландырылған бухгалтерлік баланс" ЖШҚЕ-7 нысанының баптарын шоғырландыру ұқсас баптарды жолма-жол қосу арқылы жүзеге асырылады: "Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар" баптары (жол коды 011) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша дебиторлық берешек сальдосының сомасы алып тастауға жатады;

"Қысқа мерзімді дебиторлық берешек" баптары (жол коды 012) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы трансферттер бойынша дебиторлық берешек сальдосының сомасы алып тастауға жатады;

"Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" баптары (жол коды 013) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы жөніндегі облыстық уәкілетті органның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша алынуға тиісті сыйақылар бойынша дебиторлық берешек сальдосының сомасы алып тастауға жатады;

"Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар" баптары (жол коды 110) бюджеттің атқарылуы жөніндегі облыстық уәкілетті органның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттердің дебиторлық берешек сальдосының сомасы алып тастауға жатады;

"Қысқа мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 211) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша, есептелген сыйақылар бойынша және толық пайдаланылмаған сомаға трансферттер бойынша бюджетке төлемдер бойынша кредиторлық берешек сальдосының сомасы алып тастауға жатады;

"Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" баптары (жол коды 311) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша бюджетке төлемдер бойынша кредиторлық берешек сальдосының сомасы алып тастауға жатады.

54-13. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган "Қаржы қызметінің нәтижелері туралы жылдық шоғырландырылған есеп" ЖШҚЕ-8 нысанының баптарын шоғырландыру ұқсас баптарды жолма-жол қосу арқылы жүзеге асырылады: "Айырбас емес операциялардан алынатын кірістер" баптары (жол коды 010) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ағымдағы қызметті қаржыландыру бойынша айырбас емес операциялардан түсетін кірістер, күрделі салымдар, сыртқы қарыздарды қаржыландырудан түсетін кірістер, жергілікті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шоты бойынша шығыстар сомасына трансферттер бойынша кірістер сомасы;

жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері есептеген өткен жылдар трансферттерін қайтару бойынша бюджетпен есеп айырысу бойынша шығыстар сомасына бюджетке түскен трансферттерді қайтару бойынша кірістер сомасы; ағымдағы жылы бөлінген пайдаланылған трансферттер сомасына жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке трансферттер түсімдерінің сомасын алып тастауға жатады;

"Айырбас операцияларынан алынатын кірістер" баптары (жол коды 020) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде бюджетке салықтық емес түсімдерден, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін кірістердің, негізгі капиталды өткізуден түсетін кірістердің, активтерді сатудан бюджетпен есеп айырысу бойынша есептелген шығыстар сомасымен мемлекеттің қаржылық активтерін өткізуден түсетін кірістердің, сондай-ақ активтерді басқарудан алынатын кірістер мен сомалары есепті кезеңде бюджет кірісіне аударуға жататын басқа да кірістер бойынша сомалар алып тастауға жатады;

"Активтерді басқарудан алынатын кірістер" баптары (жол коды 030) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде төмен тұрған бюджеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша жоғары тұрған бюджетке түскен төмен тұрған бюджеттің сыйақыларын төлеу

жөніндегі шығыстар сомасына сыйақылар бойынша кірістер сомасы алып тастауға жатады;

"Өзге де операциялық шығыстар" баптары (жол коды 115) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде бюджеттік кредиттер, сыйақылар мен алынған трансферттердің толық пайдаланылмаған сомасына есептелген міндеттеме сомалары бойынша бюджетке төлемдер бойынша шығыстар сомасы;

ағымдағы қызметтерді қаржыландыруға және күрделі салымдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерге қаражат беру кезінде есептелген бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстар сомасы алып тастауға жатады;

"Субсидиялар, трансферттер" баптары (жол коды 122) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ағымдағы жылы пайдаланылған жоғары тұрған бюджеттен алынған трансферттер бойынша шығыстардың сомасы алып тастауға жатады;

"Активтерді басқару бойынша шығыстар" баптары (жол коды 130) аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің уәкілетті органының шоғырландырылған қаржылық есептілігінде алынған бюджеттік кредиттер бойынша жоғары тұрған бюджетке сыйақы төлеу бойынша шығыстар сомасы алып тастауға жатады.

54-14. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік осы Қағидалардың 39-тармағында көзделген республикалық бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілік көлемінде қалыптастырылады.

54-15. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазбаны аудандық бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган жасайды. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба жасау тәртібі осы Қағидалардың 45-тармағына сәйкес республикалық бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің түсіндірме жазбасын жасау тәртібіне ұқсас.

54-16. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 30 наурызынан кешіктірмей аудан (

облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті осы Қағидалардың 7, 8, 9 және 10-қосымшаларына сәйкес белгіленген нысандар бойынша мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың тиісті аумақтық органдарына ұсынады.

6-тарау. Мемлекеттік бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігін қалыптастыру тәртібі

55. Мемлекеттік бюджеттің жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін ведомство осы Қағидалардың 7, 8, 9 және 10-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілік пен жергілікті бюджеттер бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қалыптастырады.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 19.01.2022 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Мемлекеттік бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау активтердің, міндеттемелердің, таза активтердің/капиталдың, кірістер мен шығыстардың, ақшаның түсімдері мен шығыстарының, таза активтердегі/капиталдағы өзгерістердің ұқсас баптарын жол бойынша жинақтау жолымен жүзеге асырылады.

Қаржылық есептілікті шоғырландырған кезде:

бюджеттер деңгейлері арасындағы трансферттер мен бюджеттік кредиттер; жоғары тұрған және төмен тұрған бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті органдар арасындағы операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың элиминирленуі;

жоғары тұрған және төмен тұрған бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті органдар арасындағы өзара есеп айырысулар бойынша сальдо;

алдындағы есепті кезеңдегі шоғырландырылған деректерін көшіру өзара алынып тасталады.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 26.05.2023 № 543 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Мемлекеттік бюджеттің жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 25 маусымынан кешіктірілмеген мерзімде қалыптастырылады.

Бюджеттік бағдарламалар
әкімшілері мен бюджетті
атқару жөніндегі жергілікті
уәкілетті органдардың

20__ жылғы " __ " _____ есепті кезеңге арналған шоғырландырылған
бухгалтерлік баланс

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.12.2024 № 862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: Жергілікті бюджетті атқару жөніндегі тиісті уәкілетті органға/ ведомствоға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.minfin.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ШҚЕ-1

Кезеңділік: жартыжылдық, жылдық

Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " _____

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджетті атқару жөніндегі облыстардың жергілікті уәкілетті органдары үшін ведомство;

жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін жергілікті бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар белгілейді.

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электронды түрде

Бюджеттің түрі: _____

Өлшем бірлігі: мың теңге

Активтер	Жол коды	Есепті кезеңнің басында	Есепті кезеңнің соңында
1	2	3	4
